ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ МАРКАСЫ
AAA 0070325

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



2009

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Тестілер – ҰТО-ның интеллектуалдық меншігі.
ҰТО-ның рұқсатынсыз қандай мақсатта болсын, бұл тестілердің толық не жеке парақтарының көшірмесін жасауға болмайды.

АСТАНА
2009

ББК 74.268.3
Қ 17

**Қ 17** **Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал.** Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2009 – 160 бет.

ISBN 978–601–260–012–4

Оқу-әдістемелік құралға қазақ әдебиеті пәні бойынша 2008 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуде пайдаланылған тест тапсырмаларының 25 нұсқасы енгізілген. Сонымен қатар бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларының 5 нұсқасы ұсынылған.

Оқу-әдістемелік құрал талапкерлердің ҰБТ мен кешенді тестілеуге дайындалуына көмек ретінде ұсынылады. Орта мектеп мұғалімдері тест жинағын оқу барысында оқушы білімін бақылауға пайдалана алады.

ББК 74.268.3

Қ $\frac{4306020400}{00\ (05)\ -\ 09}$

ISBN 978–601–260–012–4

© «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2009

# КІРІСПЕ

## Құрметті талапкер!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға дайындалу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша ұсынылып отырған тест тапсырмалары талапкерлердің әр кезеңдегі әдебиет туралы білімдерін; әдебиеттің көрнекті өкілдерінің өмірін, шығармашылығын меңгеру дәрежесін; оқып зерделеген туындының тектік, жанрлық сипатын, әдебиет пен фольклор туралы алған жалпы ұғымдарын; әдеби-теориялық ұғымдарды меңгеруін тексереді.

Кітапшаның **І бөлімінде** 2008 жылы ҰБТ-де пайдаланылған тест тапсырмаларынан құралған 25 нұсқа ұсынылады.

Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары жабық түрде беріліп, 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды ұсынады.

Кітапшаның **ІІ бөлімінде** сіздерге танысып, өз білім деңгейлеріңізді саралау мақсатында бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тест сұрақтарының 5 нұсқасы ұсынылады.

Бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары талапкердің білімін неғұрлым толығырақ, тереңірек және нақтырақ тексеруге мүмкіндік беріп, жобалап жауап беруге шектеу қояды. Тест тапсырмалары жабық түрде беріліп, 8 жауап нұсқасынан бір, екі немесе үш дұрыс жауапты таңдауды ұсынады.

Бұл тест тапсырмаларын бағалау ерекшелігі:

Егер тапсырманың бірнеше «1,2 немесе 3» дұрыс жауабы болып, барлығына дұрыс жауап берілсе, әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі. Ал қате берілген әр жауап үшін «–1» балл қойылады. Егер бір, екі немесе үш дұрыс жауаптың біреуіне қате жауап берілсе, балл жиынтығынан 1, 2 және сәйкесінше 3 балл шегеріледі.

Қорытынды балл – барлық тапсырмалардан жиналған балл қосындысының жиынтығы. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта, барлық балл жиынтығы 40 болады. Балл қосындысы теріс сан болса, қорытынды балл «0» болады.

Екі бөлімдегі тест тапсырмалары үш қиындық деңгейіндегі сұрақтардан тұрады: «А» - жеңіл, «В» - орташа, «С»- қиын.

Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін кітапша соңында берілген дұрыс жауап кілттерін пайдалануға болады.

2008-2009 оқу жылында ҰБТ-ге пайдаланатын тест тапсырмаларының түрі кітапшаның І бөлімінде берілген.

## Тест спецификациясы

**1. Тақырыбы:** **Қазақ әдебиеті** пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне арналған тест.

**2. Құрастырылу мақсаты:** Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау және ҰБТ өткізу үшін құрастырылды.

**3. Міндеттері:** 1. Қорытынды аттестациялау барысында жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерінің қазақ әдебиетінен дайындық деңгейін анықтау. 2. ҚР ЖОО-на қабылдау үшін жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерін саралау.

**4. Тест мазмұны:** Тапсырмалардың мазмұн бойынша жіктелуі сарапшылар мен әзірлемешілерден құрылған шығармашылық топтардың әзірлеп, ҰТО-ның бекітуімен тақырып, тақырыпшалар түрінде ұсынылады.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде «А» - 9, екінші деңгейдегі «В» - 10, үшінші деңгейде «С» - 6 тапсырма.

Тест тапсырмалары мемлекеттік стандарт негізінде жасалған мектеп бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

| Тақырып № | Мазмұны |
|---|---|
| 01 | **Ежелгі дәуір әдебиеті** |
| 02 | **Халық ауыз әдебиеті.** Ауыз әдебиеті - А |
| 03 | **Халық ауыз әдебиеті.** Ауыз әдебиеті - Ә |
| 04 | **XV – XVIII ғ. әдебиеті.** Жыраулар поэзиясы |
| 05 | **XIX ғ. I жартысындағы әдебиет.** |
| 06 | **XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар** |
| 07 | **XIX ғ. II жартысындағы әдебиет.**Абай Құнанбайұлы |
| 08 | **XIX ғ. II жартысындағы әдебиет.** Ақын - сазгер - әншілер |
| 09 | **XX ғ. басындағы әдебиет.** |
| 10 | **XX ғ. басындағы әдебиет** Қазақ әдебиетіндегі «Үш бәйтерек» |
| 11 | **Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет** – А |
| 12 | **Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет** Мұхтар Әуезов |
| 13 | **Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет** - Ә |
| 14 | **Әдебиет теориясы** |
| 15 | **Қазіргі заман әдебиеті.** XX ғ. II жартысындағы поэзия |
| 16 | **Қазіргі заман әдебиеті.** XX ғ. II жартысындағы проза және драма |

**5.Тест жоспары:**

Ежелгі дәуір әдебиеті – 1 тапсырма.
Халық ауыз әдебиеті – 2 тапсырма.
XV-XVIII ғ. әдебиет – 1 тапсырма.
XIX ғ. I жартысындағы әдебиет – 1 тапсырма.
XIX ғ. II жартысындағы әдебиет – 3 тапсырма.
XX ғ. басындағы әдебиет – 5 тапсырма.
Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет – 7 тапсырма.
Әдебиет теориясы – 2 тапсырма.
Қазіргі заман әдебиеті – 3 тапсырма.

**6. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**
**Халық ауыз әдебиеті:** түрлері, ерекшеліктері.
**Ежелгі дәуір әдебиеті:** жазба ескерткіштерінің тарихы, түрлері.
**XI-XVIII ғ. әдебиет:** жыраулар поэзиясының даму кезеңдері, өкілдері.
**XIX ғ. I жартысындағы әдебиет:** әдеби ағымдар.
**XIX ғ. II жартысындағы әдебиет:** жаңа әдеби ағымдар мен бағыттардың, реализимнің тууы.
**XX ғ. басындағы әдебиет:** 20-30 жылдардағы әдебиет; әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдері.
**Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет:** Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдері.
**Қазіргі әдебиет:** қазіргі заман әдебиеті, жанрлық ерекшелігі.
**Әдебиет теориясы:** әдеби-теориялық ұғымдар түсінігі.

**7. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:**
Тест тапсырмаларын орындап шығуға белгіленген уақыт – 1,5 минут. Жұмыстың толық орындалу уақыты – 37,5 минут.
**8. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:**
Нұсқалардың санын ҚР ҒБМ анықтайды. Тест нұсқаларының баламалылығы:
- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 25 сұрақ.
**9.Тапсырма формасы:**
Берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.
Нұсқау: «Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».
***10. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:***
Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін мектеп бітіруші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта 25 балл алады.
**11. Тапсырманың апробациясы:**
Тапсырмалар республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 11-сынып түлектерінде апробацияланады. (Шамамен алғанда 100 адамнан тұратын 2 қалалық, 2 ауылдық мектеп).
**12. Тест нәтижелерінен күтілетін талдау**:
1. Балдардың жиынтығына орай жалпы білім беретін орта мектеп курсы үшін аттестациялық баға қойылады.
2. Сертификатқа қойылатын балл жиынтығы ҚР ЖОО-на қабылдау конкурсына қатысуға құқық береді.

Әдістемелік құрал авторлары қазақ әдебиеті пәні бойынша тест жинағы сіздерге ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуға көмек береді деп үміттенеді.

Жинақ құрылымы мен мазмұнын жақсару бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауға әзірміз. Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 60. Веб-сайт: www.tectcenter.kz, электрондық пошта: info@ tectcenter.kz, факс/тел: 8(7172)31-74-04.

# I бөлім

## 1-нұсқа

1. Беташардың қандай жыр екендігін көрсетіңіз.
   A) Тойдағы көңіл көтеру жыры.
   B) Жас келіншекті елмен таныстырып, тәрбие беру жыры.
   C) Қыздың басына сәукеле кигізу жыры.
   D) Қызды ұзату кезінде айтылатын өлең
   E) Той бастар жыры.
2. «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейітқұл», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта» әңгімелерінің авторын табыңыз.
   A) Сәбит Дөнентаев.
   B) Спандияр Көбеев.
   C) Ыбырай Алтынсарин.
   D) Сұлтанмахмұт Торайғыров.
   E) Абай Құнанбаев.
3. Абайдың поэмасын анықтаңыз.
   A) «Масғұт».
   B) «Сұлушаш».
   C) «Құлагер».
   D) «Батыр Баян».
   E) «Көкшетау».
4. "Өмір сүргім келеді" деп аталатын шығарманың авторы кім екенін белгілеңіз.
   A) С. Сейфуллин.
   B) Б. Бұлқышев.
   C) А. Жұмағалиев.
   D) Қ. Аманжолов.
   E) І. Жансүгіров.
5. М.Жұмабаевтың ақындығын сүйетінін мойындаған қаламгерді белгілеңіз.
   A) М.Әуезов.
   B) А.Байтұрсынов.
   C) І.Жансүгіров.
   D) Ғ.Мүсірепов.
   E) Ж.Аймауытов.
6. *Боттағышы <u>бұзаудай,</u>*
   *Боз сазаны <u>тоқтыдай,</u>*
   *Балығы <u>тайдай</u> тулаған.* Үзіндідегі асты сызылған сөздердің көркемдегіш құралдың қай түріне жататынын анықтаңыз.
   A) Метафора.
   B) Теңеу.
   C) Эпитет.
   D) Метонимия.
   E) Синекдоха.

7. М.Мақатаевтың ақындыққа азаматтық тұрғыдан сипаттама берген өлеңін табыңыз.
   A) «Толғау».
   B) «Бабаларым, рақмет сендерге».
   C) «Ұят болды-ау».
   D) «Үш бақытым».
   E) «Ғашықпын».
8. Б.Момышұлының шығармасын табыңыз.
   A) «Жонарқа».
   B) «Тірілер мен өлілер».
   C) «Қаһарлы күндер».
   D) «Адам тағдыры».
   E) «Қарға тамған қан».
9. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі Байтас шалдың туған жерге не үшін оралғысы келгенін табыңыз.
   A) Қайтадан жаңа өмір бастау үшін.
   B) Туысқандарына жолығу үшін.
   C) Туған жерге жетіп өлу үшін.
   D) Ашаршылықтан құтылу үшін.
   E) Жаулардан құтылу үшін.
10. Сара Біржанмен айтысқанда кімнің үйінде болғанын анықтаңыз.
   A) Тұрысбек.
   B) Есімбек.
   C) Шерубай.
   D) Қаптағай.
   E) Жүнісбек.
11. XV-XVIII ғғ. жырауларды белгілеңіз.
   A) Асан Қайғы.
   B) Тоныкөк.
   C) Мұрат.
   D) Білге.
   E) Шортанбай.
12. Абайдың табиғат тақырыбына жазған тұңғыш өлеңін табыңыз.
   A) “Қыс”.
   B) “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай”.
   C) “Жазғытұрым”.
   D) “Жаз”.
   E) “Күз”.

13. Төмендегі шумақ қандай аттың портретін сипаттайтынын табыңыз.

– Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыз сағақ, сандал керім

A) Тайбурыл.
B) Байшұбар.
C) Көкбесті.
D) Құлагер.
E) Бақа айғыр.

14. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы Қалқаман мен Мамырдың қосылуына кедергі болған жағдайды табыңыз.

A) Бірі кедей, бір бай балалары болғандығы.
B) Қалқаманның айттырған қалыңдығы болғандықтан.
C) Екеуі немерелес туыс болғандықтан.
D) Мамыр біреудің некелі жары болғандықтан.
E) Мамырдың аурулығы себепті.

15. Төмендегі пікірді А.Байтұрсынов қай еңбегінде айтатынын белгілеңіз.

''Өнердің ең алды - сөз өнері. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен ''Өнер алды-қызыл тіл''-деген.

A) ''Ғылым''.
B) ''Әдебиет танытқыш''.
C) ''Жазған сөз жаным ашып''.
D) ''Жиған-терген''.
E) ''Дарынды сөз''.

16. Қ.Аманжолов өмір сүрген жылдарды табыңыз.

A) 1911-1955жж.
B) 1894-1938жж.
C) 1890-1929жж.
D) 1917-1967жж.
E) 1912-1956жж.

17. Ұлт-азаттық көтеріліске жыр арнаған халық әдебиеті өкілдерін табыңыз.

A) Күдері, Жамбыл, Сәт, Омар.
B) Шортанбай, Мұрат, Әубәкір.
C) С.Дөнентаев. С.Торайғыров.
D) Махамбет, Алмажан, Шернияз.
E) Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса.

18. Атакем атты кейіпкері бар Ғ.Мүсірепов шығармасын көрсетіңіз.

A) "Автобиографиялық әңгіме".
B) "Этнографиялық әңгіме".
C) "Оянған өлке".
D) "Талпақ танау".
E) "Қос Шалқар".

19. Новелланың анықтамасын белгілеңіз.
   A) Тек махаббат тақырыбын суреттеген шығарма,
   B) Әңгіменің бір түрі, бірақ көлемі өте қысқа.
   C) Әңгімеге қарағанда көлемді шығарма.
   D) Оқиғасы қызу, ширақ дамып, күтпеген жерден кілт, тосын шешіммен аяқталатын әңгіме.
   E) Кейіпкерлері болмайтын, тек суреттеуге құрылатын әңгіме.
20. «Диуани хикмет» еңбегі кімдікі екенін белгілеңіз.
   A) Қорқыт ата.
   B) Ахмет Йасауи.
   C) Хорезми.
   D) Құтб.
   E) Махмұд Қашқари.
21. *«Арқада жер жетпейді Бурабайға*
   *Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.*
   *Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға*
   *Бөлектау: «Ой, бауырым!» - дер анадайда,»* - деген үзінді қай поэмадан, авторын табыңыз.
   A) "Көкшетау", Сәкен Сейфуллин.
   B) "Сұлушаш", Сәбит Мұқанов.
   C) "Батыр Баян", Мағжан Жұмабаев.
   D) "Сұраншы батыр", Жамбыл Жабаев.
   E) "Құлагер", Ілияс Жансүгіров.
22. Одаққа атағы кетіп, ССРО Жазушыларының I съезінде сөз сөйлеген ақын-жазушыны табыңыз.
   A) І.Жансүгіров.
   B) Ж.Жабаев.
   C) Ғ.Мүсірепов.
   D) С.Сейфуллин.
   E) М.Әуезов.
23. *Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,*
   *Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын,*
   *Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,*
   *Астында ақ туының пайғамбардың! ...* - деген хаттың авторын атаңыз.
   A) Жамалдың қоштасу хаты.
   B) Ғайшаның Қожашқа айтқан сөзі.
   C) Алтайдың Сұлушашқа арнауы.
   D) Шұғаның өлерде жазған хаты.
   E) Қамардың хал үстіндегі қоштасуы.

24. "Қорғансыздың күні" әңгімесіндегі жанама суреттемелерде айтылатын аңыз кейіпкері - батыр бейнесін белгілеңіз.
    A) Күшікбай.
    B) Еспенбет.
    C) Тектіғұл.
    D) Қалтай.
    E) Жақып.
25. Қазақ аулы кедейлерінің типтік бейнесі С.Мұқановтың қай өлеңінде бейнеленгендігін көрсетіңіз.
    A) «Сүт заводы».
    B) «Шоқпыттың шаруасы»
    C) «Кедей баласы».
    D) «Конвейер».
    E) «Балқаш».

## 2-нұсқа

1. Аяз бидің бұрынғы есімін табыңыз.
   A) Жақсы.
   B) Уәлі.
   C) Жаман.
   D) Мадан.
   E) Ұлы.
2. «Ер Тарғын» жырында кемеңгерлік тұлғасымен көрінген жырауды атаңыз.
   A) Ақтамберді жырау.
   B) Сыпыра жырау.
   C) Доспамбет жырау.
   D) Қазтуған жырау.
   E) Шалкиіз жырау.
3. XVIII ғасырда өмір сүріп, Тәуке, Абылай хандарға кеңесші болған қай жырау екенін белгілеңіз.
   A) Доспамбет.
   B) Қазтуған.
   C) Шалкиіз.
   D) Бұқар.
   E) Ақтамберді.
4. Жәңгір хан старшындыққа тағайындаған адамды табыңыз.
   A) Исатай.
   B) Махамбет.
   C) Баймағамбет.
   D) Шернияз.
   E) Бекмағамбет.
5. Абайдың өнер-білім туралы өлеңін табыңыз:
   A) "Өнер-білім бар жұрттар".
   B) "Жазғытұрым".
   C) "Ғылым таппай мақтанба".
   D) "Қалың елім, қазағым".
   E) "Өзен".
6. Ғ.Мұстафиннің ''Өмір мен өлім'' романы қай жылы жарық көргенін анықтаңыз.
   A) 1935 ж.
   B) 1940 ж.
   C) 1973 ж.
   D) 1961 ж.
   E) 1937 ж.

7. Кейіптеудің анықтамасын табыңыз.
A) Жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адам бейнесінде бейнелеу.
B) Алмастырып қолданылған сөздер.
C) Сөз тастап кету.
D) Бір құбылысты, екінші құбылысқа балау.
E) Құбылысты ерекше құбылтып айту.

8. «Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?
Аққуға кезенерде ырым жасап,
Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?» деген өлең жолдарын айтқан кейіпкерді көрсетіңіз. (М.Мақатаев)
A) Жылқышы.
B) Әке.
C) Тәуіп шал.
D) Бала.
E) Ана.

9. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі Байтас шалдың шекарадан өтіп, атамекендегі ескі қыстауға кіргенде не істегенін табыңыз.
A) Шекпенін төсеп, үстіне жантая кетті.
B) Бойтұмарын алып, сөгіп, ішіндегі бір уыс топырақты төкті.
C) Су ішіп есін жинады.
D) Өткен өмірін ойлай бастады.
E) Алаңсыз ұйқыға кетті.

10. ''Қорқыт ата'' кітабында нақыл, мақал-мәтелдер қалай кездесетінін белгілеңіз.
A) Өте аз кездеседі.
B) Мүлде жоқ.
C) Жиі ұшырайды.
D) Батырлық жырлар ғана бар.
E) Тек оқиғалы әңгімеге құрылған.

11. Абай шығарған нақыл сөзді көрсетіңіз.
A) Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
B) Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
C) Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер.
D) Ер екі сөйлемейді.
E) Отан үшін отқа түс, күймейсің.

12. *«Ертістің құба талы секілденіп,*
*Алдымнан майысып шық бұрал-дағы ...»* - үзінді Ақанның қай өлеңінен алынғандығын табыңыз.
A) "Заман адамы"
B) "Асыл мен жасық"
C) "Жайықтың ақ түлкісі"
D) "Ақ көйлек"
E) "Құлагер"

13. Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік мәселелер, ел бірлігіне арналған тақырыптағы өлеңін белгілеңіз.
A) «Жастарға».
B) «Дүние мен өмір».
C) «Талап пен ақыл».
D) «Міндеу мен күндеу».
E) «Кәрілік туралы».

14. *«Сөзім – жыр, лебізім – күй ерке едім,*
*Өз жерім, өз елімде еркеледім,»* - үзінді Қасымның қай өлеңінен алынғанын табыңыз.
A) “Көкшетау”.
B) “Өзім туралы”.
C) “Елге хат”.
D) “Күлемін де жылаймын”.
E) “Туған ел”.

15. «Мен жасардым, 18 жасар жігіттей шағыма келдім»,- деген сөздерді Жамбылдың қай әңгімесінде айтқанын табыңыз.
A) «Өмір мектебі».
B) «Қысқаша өмірбаян».
C) «Өстепкеде».
D) «Менің бақытым».
E) «Өмір жыры».

16. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің негізгі идеясын көрсетіңіз.
A) Қасқырларды аяусыз қыру қажет.
B) Айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы бар, оны адамдар түсіне білуі қажет.
C) Адамдар қасқырдан өткен жауыз.
D) Табиғат адамға тәуелді болу керек.
E) Қасқыр - адамның жауы.

17. Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасындағы жырда жоқ, жаңадан қосылған кейіпкерлерді белгілеңіз.
A) Дәмелі, Мәрзия.
B) Балта, Сейіт.
C) Мақпал, Күнікей.
D) Жантық, Жарқын.
E) Айгүл, Сердәлі.

18. "Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің ерні кезермес", - деген Абай өлеңіндегі асты сызылған сөздер троптың қай түріне жататынын белгілеңіз.
A) Кейіптеу.
B) Символ.
C) Аллегория.
D) Синекдоха.
E) Метафора.
19. Ә.Кекілбаевтың қазақ халқының көшпенді тіршілігін суреттеген шығармасын табыңыз.
A) «Шыңырау».
B) «Қараой».
C) «Дермене».
D) «Бір атаның балалары».
E) «Қылау».
20. Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқыған кезде сондағы профессорлардың бірі Мағжанды «Қырғыздың (қазақтың) Пушкині» деуші еді, - деген пікірді айтқан адамды белгілеңіз.
A) М.Әуезов.
B) С.Құдаш.
C) М.Дулатов.
D) Ғ.Ибрагимов.
E) І.Жансүгіров.
21. Композиция элементін табыңыз.
A) Экскурс.
B) Пролог.
C) Арнау.
D) Ремарка.
E) Метафора.
22. І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Сағынайдың асында Құлагермен бірге жарысқа түскен аттың санын табыңыз.
A) 1500.
B) 1300.
C) 1000.
D) 900.
E) 500.
23. Бейімбет Майлиннің әйел басының азаттығына арнаған өлеңін белгілеңіз.
A) «Азат әйел».
B) «Көңіл айту».
C) «Жайлыбайда жалғыз қатын».
D) «Майдан».
E) «Құдық басында».

24. Абайға кімнің берген батасы екенін табыңыз.

- Балам, мен осы шаққа шейін сенімен тіл қатысып, жылы ұшырап көріскен жоқ ем. Бірақ, барлық көрген-сезгенім есімде. Жақсы ағаның зор дәмесін әмсе өстіп ақтағайсың!...Ақтарсың деп білемін! Тек өмір деген ит жаңсақ бастырмаса екен! Бетің дұрыс! Дәл осы бетіңнен жарылқасын! – деп бата берді.

A) Құлыншақ.
B) Байдалы.
C) Байсал.
D) Қаратай.
E) Сүйіндік.

25. Азат еңбекке бастайтын күнді уағыздайтын С.Мұқановтың өлеңін көрсетіңіз.

A) «Майға сәлем».
B) «Жолы жоқтар біздің жолға қосылсын».
C) «Балқаш».
D) «Конвейер».
E) «Мен де аттандым майданға».

# 3-нұсқа

1. Саққұлақ, Желаяқ, Көлтауысар қай ертегінің кейіпкерлері екенін табыңыз.
   A) «Аяз би»
   B) «Толағай»
   C) «Тоғыз тоқылдақ, бір шіңкілдек»
   D) «Ер Төстік»
   E) «Дүмше молда»
2. «Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде...» деп басталатын ойдың иесін табыңыз.
   A) Н.И. Веселовский.
   B) Н.Г.Потанин.
   C) И.И. Ибрагимов.
   D) И.Н. Березин.
   E) А.Г. Майков.
3. Абай қара сөздерінің жалпы санын көрсетіңіз.
   A) 35
   B) 45
   C) 25
   D) 50
   E) 40
4. Ақын Қ.Аманжолов "Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім" деген сөздерді кімге арнағанын белгілеңіз.
   A) Туған жеріне.
   B) Балаларына.
   C) Майдандастарына.
   D) Достарына.
   E) Сүйген жарына.
5. «Дауылдан кейін» романының авторын табыңыз.
   A) Б.Момышұлы.
   B) Ғ.Мұстафин.
   C) Ә.Сәрсенбаев.
   D) З.Шашкин.
   E) Ж.Молдағалиев.
6. «Аллитерация» терминінің қай тілден алынғандығын табыңыз.
   A) Ағылшын.
   B) Грек.
   C) Латын.
   D) Түркі.
   E) Француз.

7. ... *Бабамның қиялымен қанаттанып,*
*Бүгін мен Айға қонып, жайды ұстагам..*, - деген үзінді Мұқағалидың қай өлеңінен белгілеңіз.
A) «Барлығы да сендер үшін»
B) «Ұят болды-ау»
C) «Фантазия»
D) «Қара өлең»
E) «Поэзия»
8. Ә.Нұрпейісовтің "Қан мен тер" романында қай өңір балықшыларының трагедиялық өмірі суреттелетінін көрсетіңіз.
A) Арал балықшыларының өмірі.
B) Жайық өңірі балықшылары.
C) Каспий балықшыларының тұрмысы.
D) Алакөл балықшыларының тіршілігі.
E) Балқаш балықшыларының жағдайы.
9. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы «қызыл жебе» деген сөздің мағынасын табыңыз:
A) Қыран бүркіт.
B) Ерен жүйрік жылқы.
C) Ала сиыр.
D) Жүйрік тазы.
E) Көк өгіз.
10. «Адамнан есті жануар» деп ардақталатын, мыстанның арам пиғылын батырдан бұрын сезетін тұлпарды табыңыз.
A) Шалқұйрық.
B) Тарлан ат.
C) Шұбар ат.
D) Құлагер.
E) Тайбурыл.
11. ...*Айдаметке оқ тиді,*
*Отыз екі омыртқаның буынынан.*
*Зырлап аққан қара қан,*
*Тыйылмайтын жонның уақ тамырынан...*
Үзінді жыраудан алынғанын белгілеңіз.
A) Доспамбет.
B) Жиембет.
C) Асан қайғы.
D) Шал ақын.
E) Қазтуған.

12. А.Құнанбайұлының А.С.Пушкинді аудару арқылы қандай ұйқас түрін тапқандығын анықтаңыз.
A) Егіз ұйқас.
B) Шалыс ұйқас.
C) Қара өлең ұйқасы.
D) Аралас ұйқас.
E) Шұбыртпалы ұйқас.
13. Ақан серінің сұлулықты сүйсіне жырлаған өлеңін табыңыз.
A) "Құлагер"
B) "Жақсы мен жаман"
C) "Заман адамы"
D) "Жайықтың ақ түлкісі"
E) "Асыл мен жасық"
14. Ж.Аймауытов әдеби мұрасының негізгі, салмақты саласы.
A) Поэзия.
B) Терме.
C) Драматургия.
D) Көсемсөз.
E) Сын.
15. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында қай ұлттың арасындағы жаугершілікті суреттегенін түсіндіріңіз.
A) Қазақ пен орыс.
B) Қазақ пен қырғыз.
C) Қазақ пен тәжік.
D) Қазақ пен қалмақ.
E) Қазақ пен өзбек.
16. Жамбылдың ұлт-азаттық көтерілісіне арнап жазған туындысын көрсетіңіз.
A) ''Зілді бұйрық''.
B) ''Қамығу''.
C) ''Бекболат''.
D) ''Июнь жарлығы''.
E) ''Прием''.
17. М.Әуезовтің «Абай жолында» Құнанбайды Дәркембайдың оғынан арашалап алған кім екенін табыңыз.
A) Базаралы.
B) Абай.
C) Байсал.
D) Бөжей.
E) Сүйіндік.
18. С.Мұқановтың «Сырдария» романының кейіпкерлерін табыңыз.
A) Темірбек, Бүркітбай, Асан.
B) Еркін, Ораз, Шоқпыт.
C) Байжан, Айбарша, Дәулет.
D) Бүркіт, Бөтес, Мүсәпір.
E) Алтай, Балтабек.

19. *''Жатқан жері даладай,*
*Екі өркеші баладай''.* Көркемдегіш құралдың қайсысы қолданылғанын табыңыз (Үмбетей жырау).
A) Теңеу.
B) Ауыстыру.
C) Эпитет.
D) Қолданылмаған, жай сөз.
E) Ассонанс.

20. Әл-Фарабидің толық аты-жөнін табыңыз.
A) Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн узлағ Тархани.
B) Ахмет Махмұтұлы Иүгінеки.
C) Құтұб ад-дин ар-Рази.
D) Ферудин Нафиз Узлук.
E) Әбілғазы бин Араб Мұхаметхан.

21. А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» мақаласының қайда жарияланғандығын табыңыз.
A) «Қазақ» газеті
B) «Әдебиет майданы»
C) Майдан журналы
D) Тургайская газета
E) «Жаңа мектеп»

22. "Ескі күн елім көрген енді ойласам, Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ..." жолдары қай шығармадан алынғанын белгілеңіз.
A) "Құлагер".
B) "Еңлік-Кебек".
C) "Медғат-Қасым".
D) "Көкшетау".
E) "Ескендір".

23. Башқұрт ақыны Сайфи Құдашпен бірге оқыған қазақ жазушысын табыңыз.
A) Б.Майлин.
B) С.Торайғыров.
C) М.Сералин.
D) С.Сейфуллин.
E) М.Жұмабаев.

24. М.Әуезовтің пьесасын белгілеңіз.
A) «Еңлік-Кебек».
B) «Түнгі сарын».
C) «Тартыс».
D) «Шекарада».
E) «Октябрь үшін».

25. Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейнесінің» бас кейіпкерінің прототипін белгілеңіз.
    A) С.Датұлы.
    B) Ш.Уәлиханов.
    C) С.Сейфуллин.
    D) С.Торайғыров.
    E) М.Әуезов.

# 4-нұсқа

1. Аңыз әңгіменің өзіне тән ерекшелігін табыңыз.
   A) Аңыз әңгіме тек тарихи шындыққа құрылады.
   B) Аңыз таза қиял-ғажайып дүниеден тұрады.
   C) Аңызда қиял элементі мүлде болмайды.
   D) Аңызда тарихи шындық пен қиял араласып жүреді.
   E) Аңыз тек бір нұсқалы болады.
2. Алпамыс еліне қайтқанда жылқыны бағып жүрген кім екенін белгілеңіз.
   A) Құлтай.
   B) Тортай.
   C) Жәдігер.
   D) Алпамыс.
   E) Байбөрі.
3. *''Таза мінсіз асыл тас,*
   *Су түбінде жатады.*
   *Таза мінсіз асыл сөз,*
   *Ой түбінде жатады''* Үзінді кімдікі екенін белгілеңіз.
   A) Қазтуған.
   B) Асан қайғы.
   C) Доспамбет.
   D) Ақтамберді.
   E) Шалкиіз.
4. Ш.Қанайұлының өлеңін табыңыз.
   A) «Жарлының жаны берік-ті».
   B) «Үш қиян».
   C) «Ұлы арман».
   D) «Тілек».
   E) «Тарланым».
5. *Би болған, болыс болған өнер емес,*
   *Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған* тармақтарының А.Құнанбайұлының қай өлеңінен алынғандығын табыңыз.
   A) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім».
   B) «Ғылым таппай мақтанба».
   C) «Түбінде баянды еңбек егін салған».
   D) «Әсемпаз болма әрнеге».
   E) «Инернатта оқып жүр».
6. С.Сейфуллиннің «Жемістер» хикаясының оқиғасы қанша жылды қамтығандығын көрсетіңіз.
   A) 5 жыл.
   B) 10 жыл.
   C) 15 жыл.
   D) 20 жыл.
   E) 25 жыл.

7. С. Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасының басты кейіпкерін табыңыз.
   A) Адақ.
   B) Баян.
   C) Тұтқыш.
   D) Алтай.
   E) Ноян.
8. *«Өлсе, өлер Мұқағали Мақатаев,*
   *Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім»* деген өлең тармақтарының авторын табыңыз.
   A) М.Мақатаев.
   B) Ф.Оңғарсынова.
   C) М.Шаханов.
   D) Т.Айбергенов.
   E) Ә.Тәжібаев.
9. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романының негізгі кейіпкерін атаңыз.
   A) Приходько.
   B) Губернатор.
   C) Тұрар.
   D) Рысқұл.
   E) Наташа.
10. Жүсіп Баласағұн қай ғасырда өмір сүргенін белгілеңіз.
   A) X ғ.
   B) VIII ғ.
   C) XI ғ.
   D) IX ғ.
   E) XII ғ.
11. Абай ойлап тапқан жаңа үлгідегі фразеологизмдерді табыңыз.
   A) Нұрлы ақыл, ылай ой, саңырау қайғы, ызалы жүрек.
   B) Көңіл құсы, жанын шүберекке түю.
   C) Ұлы сөз, тісі батпау, қол жалғау.
   D) Келелі кеңес, өкпе сызы, өкпесі аузына тығылу, насырға шабу.
   E) Терең ой, асау жүрек, су жүрек.
12. *"Тұсында сері болсын, пері болсын,*
   *Ұнайды өмірімен Ақан маған,"*- деген сөздерді Ақан серіге арнап кім жазғанын анықтаңыз.
   A) І.Жансүгіров.
   B) М.Жұмабаев.
   C) С.Сейфуллин.
   D) О.Сүлейменов.
   E) А.Байтұрсынов.

13. М.Жұмабаевтың "Ой", "Мені де, өлім, әлдиле", "Зар", "Қорқыт" деп аталатын шығармасындағы философиялық түйінді белгілеңіз.
A) Өлімді қиындықтан құтқарушы ретінде сезінеді.
B) Өлім-Мағжан үшін жұмбақ тақырып, шешуін таппайды.
C) Ажал-хақ, сондықтан оны болмай қоймайтын ақиқат ретінде қабылдайды.
D) Өмірдің қымбаттығын насихаттайды.
E) Өлімнің суықтығынан қорқады.
14. «Алматы- менің туған қалам» атты бітпей қалған романы бар жауынгер жазушыны табыңыз.
A) Б.Момышұлы.
B) Ж.Саин.
C) Т.Ахтанов.
D) Б.Бұлқышев.
E) Қ.Аманжолов.
15. Жамбыл қай жылы ''Құрмет белгісі '' орденімен марапатталғанын табыңыз.
A) 1938 ж.
B) 1936 ж.
C) 1937 ж.
D) 1939 ж.
E) 1945 ж.
16. М.Әуезовтің тұңғыш көркем туындысы қалай аталатынын белгілеңіз.
A) ''Абай жолы''.
B) ''Қилы заман''.
C) ''Қарагөз''.
D) ''Еңлік - Кебек''.
E) ''Көксерек''.
17. Ғ.Мүсіреповтің "Қазақ солдаты" шығармасындағы кейіпкердің шын аты-жөнін көрсетіңіз.
A) Қайрош Сарталиев.
B) Қайырғали Жұмағұлов.
C) Қайырғали Смағұлов.
D) Қайрош Смағұлов.
E) Қайырғали Сарталиев.
18. Тұңғыш қазақ театрының ашылған уақытын көрсетіңіз.
A) 1930 ж.
B) 1926 ж.
C) 1940 ж.
D) 1928 ж.
E) 1922 ж.

19. Мөңке, Рай, Қален, Сүйеу, Ознобин - бұлар қай романның кейіпкерлері екенін табыңыз.
A) ''Елім-ай''.
B) ''Қан мен тер''.
C) ''Аласапыран''.
D) ''Соңғы көш''.
E) ''Үркер''.
20. *Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қарасұр жігітпін,* - деген Жүсіпбектің қай кейіпкері екенін табыңыз.
A) Жылтыр.
B) Төлеубай.
C) Тойбазар.
D) Мұқаш.
E) Мамырбай.
21. І.Жансүгіров кездескен ақын, сазгер, әнші азаматтың есімін белгілеңіз.
A) Әсет Найманбаев.
B) Біржан сал.
C) Балуан Шолақ.
D) Қобызшы Молықбай.
E) Ақан сері.
22. «Неке қияр» пьесасында әйелдердің еріктілік алатындығын үлкен сеніммен айтқан адамды көрсетіңіз.
A) Ыланбай.
B) Милиция.
C) Жәлен.
D) Жомарт.
E) Кәрім.
23. *«Кең жайқын әлемде түзу жол сызып, маңып барады...Халық үмітін арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға қарай тартты».* Кімнің қай шығармасынан алынғанын табыңыз.
A) С.Мұқанов «Ботагөз».
B) М.Әуезов «Абай жолы».
C) Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты».
D) Ж.Аймауытов «Ақбілек».
E) М.Әуезов «Түнгі сарын».
24. Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» шығармасындағы кейіпкерді анықтаңыз.
A) Мейрам.
B) Жанат.
C) Ардақ.
D) Күлпаш.
E) Аман.

-нұсқа

25. Әдебиеттің тектерінің бірін анықтаңыз.
A) Әңгіме.
B) Баллада.
C) Комедия.
D) Драма.
E) Трагедия.

## 5-нұсқа

1. Қазақтың ертедегі негізгі күнкөріс кәсібін табыңыз.
   A) Құсбегілік.
   B) Төрт түлік мал.
   C) Бақташылық.
   D) Аңшылық.
   E) Егіншілік.
2. Шоқанмен бірге оқыған досын атаңыз.
   A) Ф.М.Достоевский.
   B) А.Н.Букетов.
   C) Г.Н.Потанин.
   D) С.Ф.Дуров.
   E) П.П.Семенов-Тян-Шанский.
3. Абайдың табиғат лирикасына жататын өлеңін көрсетіңіз.
   A) «Өзен».
   B) «Күз».
   C) «Толқын».
   D) «Жел».
   E) «Бұлт».
4. ''Батыр Баян'' поэмасындағы Баянның інісінің атын табыңыз.
   A) Ноян.
   B) Үсен.
   C) Асқар.
   D) Қалижан.
   E) Асан.
5. І.Жансүгіровтің романын анықтаңыз.
   A) «Жолдастар».
   B) «Өмір мектебі».
   C) «Тар жол, тайғақ кешу».
   D) «Адасқандар».
   E) «Раушан -коммунист».
6. М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасындағы баланың атын табыңыз.
   A) Жұмаш.
   B) Асан.
   C) Қасен.
   D) Құрмаш.
   E) Бейсенбай.

7. Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романындағы кейіпкерді анықтаңыз.
   A) Қайрош.
   B) Шәкен.
   C) Асқар.
   D) Мейрам.
   E) Ботагөз.
8. О.Сүлейменовтің туған жерін көрсетіңіз.
   A) Алматы.
   B) Шымкент.
   C) Қызылорда.
   D) Павлодар.
   E) Талдықорған.
9. «Москва үшін шайқас» шығармасының авторын табыңыз.
   A) З.Қабдолов.
   B) Т.Ахтанов.
   C) Б.Момышұлы.
   D) Ә.Тарази.
   E) С.Бақбергенов.
10. Айманның Шолпанды елге қайтаруының себебін табыңыз.
   A) От жағып, күң болып кетеді деп ойлағандықтан.
   B) Көтібар еліне өзі барғысы келгендіктен.
   C) Өзінен ақылы аз деп есептегендіктен.
   D) Әкесіне керек болғандықтан.
   E) Жастай өліп қалады деп қорыққандықтан.
11. ''Саздауға біткен қара ағаш,
   Кімдерге сайғақ болмаған?''- қай шығарманың үзіндісі екенін анықтаңыз.
   A) ''Жел, жел есер, жел есер''.
   B) ''Жауынды күні көп жүрме''.
   C) ''Қоғалы көлдер, қом сулар''.
   D) ''Ор, ор қоян, ор қоян''.
   E) ''Шағырмақ бұлт жай тастар''.

12. Ескендір Зұлқарнайынның тәрбиешісі болған ұлы ғалымды атаңыз.

A) Платон.

B) Эдиссон.

C) Аристотель.

D) Дарвин.

E) Сократ.

13. Ақан сері өміріне арналған пьесаны табыңыз.

A) «Құлагер».

B) «Ақан сері-Ақтоқты».

C) «Бақыт жолына».

D) «Көк қаршыға».

E) «Ақан сері».

14. *"Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін..?"*-деген үзінді Ж.Аймауытовтың қай шығармасынан алынғанын табыңыз.

A) "Ақбілек".

B) "Қартқожа".

C) "Әнші".

D) "Елес".

E) "Шернияз".

15. Б.Бұлқышевтің шығармасын табыңыз.

A) “Тағдыр”.

B) “Өмір мен өлім туралы”.

C) “Сарыжайлау”.

D) “Қоңыр күз еді”.

E) “Шырағың сөнбесін”.

16. Жамбыл Жабаев ''Өтеген батыр'' мен ''Сұраншы батыр'' дастандарының негізгі желісін кімнен алғанын анықтаңыз.

A) И.Байзақов.

B) Құлмамбет.

C) С.Аронұлы.

D) Шашубай.

E) Қалқа ақын.

17. С.Мұқановтың драматургия саласындағы құнды еңбегін табыңыз.
    A) ''Қара қыпшақ Қобыланды''.
    B) ''Шоқан Уәлиханов'' пьесасы.
    C) ''Ант'' драмасы.
    D) ''Қарагөз'' трагедиясы.
    E) ''Түнгі сарын'' пьесасы.
18. Қара өлең ұйқасын табыңыз.
    A) ааба.
    B) абаб.
    C) аабб.
    D) абвб.
    E) абба.
19. Әбіш Кекілбаевтың шығармасын табыңыз.
    A) "Аласапыран".
    B) "Үркер".
    C) "Елім-ай".
    D) "Ақбоз үй".
    E) "Соңғы көш".
20. Жазған кітабын Табғаш Қара Боғраханға тарту еткен ақынды табыңыз.
    A) Ж.Баласағұн.
    B) М.Қашқари.
    C) А.Яссауи.
    D) С.Бақырғани.
    E) Әл-Фараби.
21. *Менің дертім, жігіттер, емес оңай,*
    *Болып едің дейсің гой қашан олай.*
    *Басқа түссе байқарсыз бәріңіз де,*
    *Ойланбаған өмірдің бәрі солай*, -деген өлең жолдары Шәкәрімнің қай шығармасынан алынған, табыңыз
    A) «Өкінішті өмір»
    B) «Дүние мен өмір»
    C) «Бай мен кедей»
    D) «Ажалсыз әскер»
    E) «Жасымнан жетік білдім»

22. С.Сейфуллиннің 1922 жылы жазылып, 1935 жылы екінші рет өңделген шығармасын белгілеңіз.
A) «Жұбату».
B) «Жер қазғандар».
C) «Айша».
D) «Қызыл сұңқарлар».
E) «Бақыт жолына».

23. М.Әуезовтің "Түнгі сарын" пьесасындағы болашақ төңкерісшінің бейнесін табыңыз.
A) Жантас.
B) Тәнеке.
C) Нұрқан.
D) Жүніс.
E) Майқан.

24. Ғ.Мүсірепов шығармасын табыңыз.
A) «Сөніп-жану».
B) «Барымта».
C) «Жат қолында».
D) «Қарагөз».
E) «Қыр суреттері».

25. *"Сыртым - құрыш, жүзім - болат,*
*Тасқа салсаң, майрылман".*
Ақтамбердіден алынған бұл өлең жолдарындағы асты сызылған тіркестер көркем бейнелеу құралдарының қайсысына жататынын табыңыз.
A) Теңеу.
B) Метафора.
C) Эпитет.
D) Метонимия.
E) Синекдоха.

# 6-нұсқа

1. Аңшылық туралы өлең-жырлардағы сұлулықтың, әдеміліктің символын табыңыз.
   A) Бота, бүркіт.
   B) Қаз бен бүркіт.
   C) Аққу мен ақбөкен.
   D) Аққу мен түйе.
   E) Ат пен қой.
2. Лиро - эпостық жырды табыңыз.
   A) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»
   B) «Жүсіп хан»
   C) «Ер Тарғын»
   D) «Қобыланды батыр»
   E) «Толағай»
3. *Баласын мақтар бас жаман,*
   *Қатынын мақтар қас жаман*
   *Алыстағы дұшпаннан,*
   *Аңдып жүрген дос жаман,* - деген жолдарды айтқан авторды белгілеңіз.
   A) Сырым.
   B) Үмбетей.
   C) Төле.
   D) Абай.
   E) Қазыбек.
4. Махамбет Өтемісұлының өлеңдерін анықтаңыз.
   A) «Қызғыш құс».
   B) «Патша әмірі тартылды».
   C) «Аягөз».
   D) «Сен сұлу».
   E) «Шолпы».
5. *Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,*
   *Арам айла, зорлықсыз мал табалық...* – деген үзінді Шәкәрімнің қай өлеңінен, белгілеңіз.
   A) «Ашу мен ынсап».
   B) «Жастарға».
   C) «Сен ғылымға».
   D) «Насихат».
   E) «Талап пен ақыл».
6. С.Сейфуллиннің шығармасында әсемдіктің ғаламат символына айналған зеңгір тауды белгілеңіз.
   A) Гималай.
   B) Алтай.
   C) Алатау.
   D) Көкшетау.
   E) Альпі.

7. С. Мұқанов «Сұлушаш» поэмасындағы кейіпкерлердің бірін табыңыз.
   A) Ботагөз.
   B) Жамал.
   C) Қамар.
   D) Тұтқыш.
   E) Асқар.
8. Қ.Мырзалиев өлеңін неге «Қызыл кітап» деп атағанын табыңыз.
   A) Кітаптың түсін көрсету үшін.
   B) Қызыл түсті жақсы көргендіктен.
   C) Тірі жан тимесін деп, жоғалуға айналған хайуанатқа берілген қызыл мандат бар екенін көрсету үшін.
   D) Кездейсоқ атай салған.
   E) Табиғатты сүйетінін байқату үшін.
9. Д.Исабековтің пьесасын табыңыз.
   A) «Көктөбедегі кездесу».
   B) «Әпке».
   C) «Құдағи келіпті».
   D) «Неке қияр».
   E) «Мансапқорлар».
10. Махмұд Қашқаридің ғылыми еңбегі қалай аталғанын анықтаңыз.
   A) ''Диуани лұғат ат-түрік''.
   B) ''Қорқыт ата кітабы''.
   C) ''Оғыз-наме''.
   D) ''Тоныкөк''.
   E) ''Диуани хикмет''.
11. Абайдың аурулығы себепті өндіртіп жаза алмаған кезін табыңыз.
   A) 1900-1904 ж.ж.
   B) 1895-1904 ж.ж.
   C) 1890-1904 ж.ж.
   D) 1903-1904 ж.ж.
   E) 1880-1904 ж.ж.
12. Абай «Он жетінші қара сөзінде» жүректі неге жоғары бағалайтынын анықтаңыз.
   A) Жүрексіз адам тіршілік ете алмағандықтан.
   B) Адам өмірі үшін ең керекті дене мүшесі болғандықтан.
   C) Жамандықтан жиреніп, жақсылыққа құмар қылатын жүрек деп білгендіктен.
   D) Қан тарап, жан мекен қылатын орын болғандықтан.
   E) Ақыл мен қайратқа мекен болғандықтан.
13. Ақан серінің туған жылын көрсетіңіз.
   A) 1843 ж.
   B) 1846 ж.
   C) 1852 ж.
   D) 1870 ж.
   E) 1863 ж.

14. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының авторын табыңыз.
A) Қ.Аманжолов.
B) Қ.Мырзалиев.
C) Т.Айбергенов.
D) Ғ.Орманов.
E) Ә.Тәжібаев.

15. *Оқымаймын молдадан,*
*Екі иығын қомдаған,*
*Бала келсе сабаққа,*
*Жем аңдыған дорбадан,* - үзінді Жамбылдың қай өлеңінен алынғанын атаңыз.
A) "Кедей күйі".
B) Мәңке туралы.
C) "Зілді бұйрық".
D) "Шағым".
E) "Майданға".

16. М.Әуезовтің «Абай жолындағы» ру аралық жанжалдардың асқынып барып ұласқан жерін көрсетіңіз.
A) Базаралыны итжеккенге айдау.
B) Қодар мен Қамқаның өлімі.
C) Кәмшаттың өлімі.
D) Тоқпамбет, Мұсақұлдағы қарулы қақтығыстар.
E) Абайдың Тоғжаннан қол үзуі.

17. ''Шығанақ бейнесінде еңбек таразысын танытатын өзі дана, барынша адал пейілді адам бейнесі жақсы сипатталған,''- деген пікірді айтқан кім екенін анықтаңыз.
A) Ғ.Мүсірепов.
B) Ә.Шәріпов.
C) М.Әуезов.
D) С.Мұқанов.
E) З.Қабдолов.

18. *Аргымақтың баласы,*
*Арыган сайын тың жортар.*
*Арқамнан қосым қалар деп,*
*Ақ дария толқын күшейтер...,* - деген шумақтағы дыбыс қайталаушылығы не екенін белгілеңіз.
A) Ассонанс.
B) Инверсия.
C) Анафора.
D) Эпифора.
E) Аллитерация.

19. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы Тұрар алғаш білім алған мектептің қай жерде ашылғанын табыңыз.
   A) Мерке.
   B) Жамбыл.
   C) Қызылорда.
   D) Шымкент.
   E) Алматы.
20. А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағында берілген шығармасын табыңыз.
   A) «Балықшы мен балық».
   B) «Қасқыр мен тырна».
   C) «Маймыл мен көзілдірік».
   D) «Айна мен маймыл».
   E) «Ат пен есек».
21. І.Жансүгіровтің «Гималай» өлеңі лириканың қай түріне жататынын атаңыз.
   A) Махаббат.
   B) Әлеуметтік.
   C) Табиғат.
   D) Саяси.
   E) Көңіл-күй.
22. Бірмағамбет, Айша Б.Майлиннің қай шығармасының кейіпкерлері екенін табыңыз.
   A) "Шұғаның белгісі".
   B) "Раушан-коммунист".
   C) "Қара шелек".
   D) "Сексен сом".
   E) "Арыстанбайдың Мұқышы".
23. М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасында» Жарасбайдың Бақтығұлды неге ұстап бергенін табыңыз.
   A) Кедей болғандықтан.
   B) Өзінің басын, болыстығын құтқару үшін.
   C) Елді ұрылардан тазарту үшін.
   D) Сәт, Сәлменге көмектескісі келгендіктен.
   E) Қорғансыз болғандықтан.
24. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының кейіпкерін табыңыз.
   A) Ақбота.
   B) Ақлима.
   C) Ушаков.
   D) Ақбілек.
   E) Қожа.

25. *«Күн-күйеу, жер-қалыңдық сағынысты,*
*Құмары екеуінің сондай күшті»*,- деген Абайдың өлең жолдарындағы бейнелеу құралын көрсетіңіз.
A) Теңеу.
B) Гипербола.
C) Аллегория.
D) Метафора.
E) Эпитет.

# 7-нұсқа

1. Қиял-ғажайып ертегілерге ғана тән ерекшелікті табыңыз.
   A) Оқуға өте қызықты.
   B) Үлкен-кіші сүйіп оқиды.
   C) Ғажайып оқиғалар жүзеге асады.
   D) Кейіпкерлері аңдар боп келеді.
   E) Аяғы жақсылықпен бітеді.
2. Ы.Алтынсариннің әлеуметтік теңсіздік тақырыбына жазған өлеңі, табыңыз.
   A) «Өнер – білім бар жұрттар»
   B) «Кел, балалар, оқылық»
   C) «Әй, жігіттер»
   D) «Жаз»
   E) «Өзен»
3. А.Құнанбаевтың дастанын белгілеңіз.
   A) «Кедей».
   B) «Жетім қыз».
   C) «Масғұт».
   D) «Рүстем қырғыны».
   E) «Құлагер».
4. А.Байтұрсынұлының туған жерін көрсетіңіз.
   A) Қапал уезі, Ақсу болысы.
   B) Қостанай облысы, Торғай атырабындағы Сартүбек жері.
   C) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабы.
   D) Ақмола облысы, Ақмола уезі.
   E) Ақмола уезіндегі Полуденовский жері.
5. *Жас қанжары-жүректегі жігері,*
   *Өнер, оқу- жастың қару-жарағы*... деген тармақтар І.Жансүгіровтің қай шығармасынан алынғандығын анықтаңыз.
   A) «Ала бие».
   B) «Бүгінгі дала».
   C) «Жел».
   D) «Оқимын».
   E) «Жастар».
6. Немістің ұлы ақыны Гетемен ой бөлісетін қаламгерді табыңыз.
   A) Г.Бельгер.
   B) А.Құнанбайұлы.
   C) Б.Бұлқышев.
   D) Қ.Аманжолов.
   E) Ж.Саин.

7. М.Әуезовтің 1917 жылы жарық көрген тырнақ алды мақаласының атын табыңыз.
   A) ''Мәдениет һәм ұлты''.
   B) ''Философия жайынан''.
   C) ''Оқу ісі''.
   D) ''Адамдық негізі-әйел''.
   E) ''Ғылым''.
8. Қарақалпақ жерінде туған қазақ ақынын табыңыз.
   A) Т.Молдағалиев.
   B) Қ.Мырзалиев.
   C) Т.Айбергенов.
   D) А.Бақтыгереева.
   E) М.Шаханов.
9. «Қызыл жебе», «Жетім қыз» шығармаларының авторын табыңыз.
   A) О.Бөкей.
   B) М.Шаханов.
   C) І.Есенберлин.
   D) Ш.Мұртаза.
   E) Ә.Нұрпейісов.
10. "Ер Тарғын" жырындағы ақылшы жырауды табыңыз.
   A) Сыпыра жырау.
   B) Шалкиіз жырау:
   C) Марғасқа жырау.
   D) Жиембет жырау.
   E) Ақтамберді жырау.
11. Жиембет жырау:
   *Хан ие, ісің жол емес.*
   *Жолбарыстай Жиембет,*
   *Құрбандыққа қол емес,* - деген жолдарды қай өлеңде айтқанын белгілеңіз.
   A) ''Қол-аяғы бұғауда''.
   B) ''Әмірің қатты Есім хан''.
   C) ''Алаштан байтақ озбаса''.
   D) ''Жақсы үгітте''.
   E) ''Басы саудың түгел дүр''.
12. Абайдың тұңғыш жинағы шыққан жылды белгілеңіз.
   A) 1907 ж.
   B) 1909 ж.
   C) 1905 ж.
   D) 1910 ж.
   E) 1904 ж.

13. Ақан сері Қорамсаұлының ғашықтық, сүйіспеншілікке арнаған өлеңдерін белгілеңіз.
   A) «Гауһар қыз».
   B) «Сәулем қыздар».
   C) «Сұрша қыз».
   D) «Балқадиша».
   E) «Хаулау»
14. «Таза бұлақ» өлеңінің авторын белгілеңіз.
   A) Ыбырай Алтынсарин.
   B) Спандияр Көбеев.
   C) Ілияс Жансүгіров.
   D) Міржақып Дулатов.
   E) Ахмет Байтұрсынов.
15. Ж.Жабаевтың өлеңдерін көрсетіңіз.
   A) «Кәдірбайдың төбеті».
   B) «Жазғытұры».
   C) «Ел баласы».
   D) «Шәкірт ойы».
   E) «Ақын інiме».
16. Орта Азия мемлекеттік университетіндегі Шығыс факультетінің аспирантурасында оқыған қаламгерді табыңыз.
   A) Ж.Аймауытов.
   B) Ғ.Мүсірепов.
   C) І.Жансүгіров.
   D) М.Әуезов.
   E) М.Жұмабаев.
17. С.Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабының жалғасын табыңыз.
   A) «Менің мектептерім».
   B) «Көз көрген».
   C) «Менің университеттерім».
   D) «Есею жылдары».
   E) «Менің өмірім».
18. *"Бөл-бөл, бөбек, бөл, бөбек,*
   *Бөгелмей білім біл, бөбек.*
   *Білмесең білім бекерсің,*
   *Бет алдыңа кетерсің."*
   Бұл шумақтағы дыбыс үндесу тәсілін табыңыз.
   A) Фигура.
   B) Аллитерация.
   C) Литота.
   D) Гипербола.
   E) Ассонанс.

19. Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасының негізгі кейіпкерін табыңыз.
    A) Гауһар.
    B) Кәмила.
    C) Кама.
    D) Қамажай.
    E) Нәзила.
20. ''Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр'' қай кітаптағы әңгіме екенін табыңыз.
    A) ''Мұхаббат- наме''.
    B) ''Қорқыт ата'' кітабы.
    C) ''Диуани лұғат ат-түрік''.
    D) ''Хисса-сұл-әнбия''.
    E) ''Жамиғат тауарих''.
21. Шәкәрім қай шығарманы аударғанын анықтаңыз.
    A) "Дубровский".
    B) "Обломов".
    C) "Евгений Онегин".
    D) "Асауға тұсау".
    E) "Ревизор".
22. Б.Майлиннің кейіпкерін табыңыз.
    A) Желдібай.
    B) Хамит.
    C) Жұмабек.
    D) Қайсар.
    E) Шоқпыт.
23. М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясы арқылы өзінің қалай қазақ болып кеткенін білмей қалғанын жазған жазушыны белгілеңіз.
    A) Б.Матип.
    B) К.Федин.
    C) Г.Бельгер.
    D) Ш.Айтматов.
    E) Л.Арагон.
24. Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы кейіпкерді табыңыз.
    A) Науан.
    B) Сердәлі.
    C) Жарқын.
    D) Мәрзия.
    E) Жалмұқан төре.

25. Қылшанымды сары жүн оққа толтырып
Жанға сақтау болған жұрт,-... деген үзіндідегі көркемдегіш құралды анықтаңыз. (Қазтуған жырау)
A) Эпитет.
B) Метафора.
C) Инверсия.
D) Метонимия.
E) Теңеу.

# 8-нұсқа

1. Қазақтың шешендік өнерінің тарихы кімдерден басталатындығын анықтаңыз.
   A) Жиренше мен Асан қайғыдан.
   B) Майқы би мен Аяз биден.
   C) Төле, Әйтеке, Қазыбек билерден.
   D) Шортанбай мен Дулаттан.
   E) Шалкиіз бен Бұқар жыраудан.
2. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – адал достықты жырлайтын дастан ... деген пікірдің авторын белгілеңіз.
   A) М.Әуезов
   B) С.Сейфуллин
   C) Ғ.Мүсірепов
   D) Қ.Жұмалиев
   E) С.Мұқанов
3. Аңыз кейіпкеріне айналған жырауды табыңыз.
   A) Асан қайғы.
   B) Жиренше.
   C) Жиембет.
   D) Доспамбет.
   E) Қазтуған.
4. Дулат Бабатайұлының туған жерін көрсетіңіз.
   A) Шығыс Қазақстан облысы,Аягөз ауданы,Ақшатау бауыры.
   B) Оңтүстік Қазақстан облысы,Түркістан ауданы,Қаратау жері.
   C) Орал облысы, Орда ауданы, Нарындағы Бекетай құмы.
   D) Семей уезі, Шыңғыс болысы.
   E) Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы.
5. Ақыл, қайрат, жүректің ғылымға келіп жүгінгенін сипаттайтын Абай қарасөзін табыңыз.
   A) Оныншы.
   B) Он төртінші.
   C) Он бесінші.
   D) Он жетінші.
   E) Он сегізінші.
6. Мағжанның махаббат тақырыбындағы өлеңін табыңыз.
   A) «Жазғы жолда».
   B) «Сүй, жан сәулем».
   C) «Сағындым».
   D) «Өткен күн».
   E) «Сырым».

7. *Күшілдер <u>өледі,</u>*
*Көңілін от қарып;*
*Батырлар <u>өледі,</u>*
*Борышын атқарып;*
*Бұзықтар <u>өледі,</u>*
*Пышаққа құлшынып.*- Бұл өлеңде қандай тәсіл пайдаланылғанын белгілеңіз.
A) Эпитет.
B) Синекдоха.
C) Форма.
D) Қайталау.
E) Кейіптеу.

8. Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын, - деген үзіндінің авторын табыңыз.
A) М. Мақатаев.
B) М. Жұмабаев.
C) І. Жансүгіров.
D) С. Торайғыров.
E) Ә. Тәжібаев.

9. «Шыңырау» повесіндегі бас кейіпкерді табыңыз.
A) Омар.
B) Еңсеп.
C) Байсал.
D) Ермек.
E) Ахмет.

10. Әл-Фараби шығармасын анықтаңыз.
A) "Хибатул хақайық", "Тарихи Рашиди".
B) "Диуани лұғат ат-түрік".
C) "Ақылдың мәні туралы", "Философияны оқу үшін не білу керек?".
D) "Ақылдың сыйы", "Қыпшақ шежіресі".
E) "Гулистан бит-турки".

11. Абайдың «Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңінің лирикалық кейіпкерін табыңыз.
A) Махаббат қызығына бөленген екі жан.
B) Бақытсыз жан.
C) Махаббаттын таппай күйзелген жан.
D) Өлең құдіретін сезінген жан.
E) Бақытты жан.

12. Ақан серінің өзін-өзі жұбату ретінде айтқан Құлагердің артын басар тұлпардың атын белгілеңіз.
   A) Көкбесті.
   B) Көктұйғын.
   C) Керкөжек.
   D) Кер төбел.
   E) Ақ жорға.
13. Қ.Аманжолов қай жылы дүние салғанын анықтаңыз.
   A) 1954 ж.
   B) 1955 ж.
   C) 1956 ж.
   D) 1957 ж.
   E) 1958 ж.
14. Баубек Бұлқышевтың қаза тапқан жылын көрсетіңіз.
   A) 1944 жыл.
   B) 1941 жыл.
   C) 1943 жыл.
   D) 1942 жыл.
   E) 1945 жыл.
15. Өтеген, Сұраншы батыр туралы жазған ақынды белгілеңіз.
   A) И.Байзақов.
   B) М.Мақатаев.
   C) Ж.Жабаев.
   D) Н.Байғанин.
   E) Т.Жароков.
16. М.Әуезовтің әңгімесін табыңыз.
   A) “Қарагөз”.
   B) “Абай жолы”.
   C) “Еңлік-Кебек”.
   D) “Жетім”.
   E) “Қараш-Қараш оқиғасы”.
17. С.Мұқановтың поэзиядағы жаңалығы деп танылған өлеңін табыңыз.
   A) «Майға сәлем».
   B) «Сүт заводы».
   C) «Колхозды ауыл осындай».
   D) «Шоқпыттық шаруасы».
   E) «Қазақстан».
18. Төмендегі мысалдардан теңеуді табыңыз
   A) Үйі мәз боп қой сойды.
   B) Түбіттей түтіп бұлтыңды.
   C) Өлең-сөздің патшасы.
   D) Қап-қара, мөп-мөлдір көз .
   E) Гималай- көктің кіндігі.

19. ''Боран'', ''Шырағың сөнбесін'' романдарының авторы қай жазушы екенін белгілеңіз.
    A) Т.Ахтанов.
    B) Ә.Нұршайықов.
    C) Ш.Мұртаза.
    D) З.Қабдолов.
    E) Ә.Нұрпейісов.
20. А.Байтұрсыновтың бастырған эпостық жырын көрсетіңіз
    A) «Ер Тарғын»
    B) «Ер Сайын»
    C) «Ер Көкше»
    D) «Ер Қосай»
    E) «Қобыланды»
21. «Ең алғаш менің өлең жазғаным 13 жасар кезім болса керек. Дұғалық жазатын кішкене ғана шолақ кітапшама тіленші шалға есік ашпаған бір кемпірді... өлең ғып жазып қойғанымды әкем көріп, маңдайымнан іскегені әлі есімде»,- деген жолдар кімнің өмірбаянынан алынғанын табыңыз.
    A) І.Жансүгіров.
    B) А.Байтұрсынов.
    C) Ж.Жабаев.
    D) Ж.Аймауытов.
    E) С.Сейфуллин.
22. Ақындық тырнақ алды қадамын Нілді зауытында бастаған С.Сейфуллиннің бірінші туындысы не болғанын табыңыз.
    A) Махаббат жыры.
    B) Жоқтау өлең.
    C) Шағын мақала.
    D) Қалжың өлең.
    E) Мадақ өлең.
23. Б.Майлиннің «Неке қиярда» негізгі тартыс түйінін қай кейіпкердің іс-әрекеті арқылы шешкендігін табыңыз.
    A) Қалампыр..
    B) Рахмет.
    C) Ыланбай.
    D) Қайралап.
    E) Жомарт.
24. "Салиха қыздың дауы" қай романда сипатталғанын белгілеңіз.
    A) "Оянған өлке".
    B) "Махаббат, қызық мол жылдар".
    C) "Қан мен тер".
    D) "Абай жолы".
    E) "Боран".

25. Ғ.Мүсіреповтің ''Оянған өлкенің'' жалғасы ретінде жарық көрген шығармасын табыңыз.
   A) ''Ботагөз''
   B) ''Қарағанды''.
   C) ''Жат қолында''.
   D) ''Миллионер''.
   E) ''Сұлушаш''.

# 9-нұсқа

1. М. Жұмабаевтың әдеби ертегісін табыңыз.
   A) «Жүсіп хан»
   B) «Балықшы мен балық»
   C) «Саяхатшы бақа»
   D) «Толағай»
   E) «Салтан патша туралы ертегі»
2. «Өнер -білім бар жұрттар» өлеңінің негізгі идеясын табыңыз.
   A) Қараңғы қазақ қауымына озық мәдениетті елдердің үлгі-өнегесін көрсету.
   B) Табиғат көрінісін суреттеу.
   C) Үстем тапқа деген кекті білдіру.
   D) Ел билеушілерінің мінез-құлқын сынау.
   E) Әділетсіздікті сынау.
3. Абайдың қара сөздері қандай шығарма екенін табыңыз.
   A) Даналық сөз, философиялық шолу.
   B) Публицистика.
   C) Аңыз-ертегі, мақал.
   D) Аударма.
   E) Көркем әңгіме.
4. «Мен таңқы мұрын, бадырақ көз шұнақ құлақтау, жарқабақтау, кірпі шаш, қарыс маңдай, қара сұр» портретінің кімге тән екендігін табыңыз.
   A) Ақбалаға.
   B) Балташқа.
   C) Төлегенге.
   D) Мұқашқа.
   E) Жорғабекке.
5. Іляистың атақты әнші, дарынды сазгер, әйгілі ақын Ә.Найманбаевпен кездескендегі әсерлерін суреттеген өлеңін белгілеңіз.
   A) “Төлен”.
   B) “Тілек”.
   C) “Тұңғыш тоғысу”.
   D) “Ынтықтар”.
   E) “Арман”.

6. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Кебек кімге келіп болашағына бал аштырғанын анықтаңыз.
   A) Қорқыт ата.
   B) Нысан абыз.
   C) Жәміш әке.
   D) Асан қайғы.
   E) Бердібай ата.
7. Ғ.Мұстафиннің өзі романтикалық шығарма деп бағалаған туындысын атаңыз.
   A) ''Күлмеген адам''.
   B) ''Шығанақ''.
   C) ''Миллионер''.
   D) ''Құлаған құз''.
   E) ''Дауылдан кейін''.
8. Қазақ халқының мінез-құлқын, тыныс-тіршілігін суреттеген Қ.Мырзалиев өлеңін табыңыз.
   A) «Қызыл кітап».
   B) «Домбыра».
   C) «Елім-ай».
   D) «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру».
   E) «Қазағым».
9. «Тортай мінген ақ боз ат» шығармасының авторын табыңыз.
   A) О.Бөкей
   B) Ә.Кекілбаев.
   C) М.Шаханов.
   D) Ш.Мұртаза.
   E) Ж.Сайн.
10. «Айман-Шолпан» жырындағы Айманның өзге жырлардағы қыздардан айырмашылығы неде екенін табыңыз.
   A) Байлығында.
   B) Көркі мен сұлулығында.
   C) Әлеуметтік іске араласуында.
   D) Ақылында.
   E) Айласында.

11. Абылай ханның тұсындағы қолбасы батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Жәнібек, Баян, Сары, Сағымбайдың ерліктерін өлеңге қосқан жырауды табыңыз.
    A) Шалкиіз.
    B) Асан қайғы.
    C) Ақтамберді.
    D) Үмбетей.
    E) Қазтуған.
12. Абай жастау кезінде өлеңді кімнің атынан жариялап жүргенін табыңыз.
    A) Ербол.
    B) Мүрсейіт.
    C) Көкбай.
    D) Әріп.
    E) Көкітай.
13. «Гәкку», «Мақпал», «Маңмаңгер» өлеңдерінің авторын белгілеңіз.
    A) Біржан сал Қожағұлұлы.
    B) Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы.
    C) Балуан Шолақ Баймырзаұлы.
    D) Жаяу Мұса Байжанұлы.
    E) Ақан Қорамсаұлы.
14. Шәкәрім аударған шығарманы табыңыз.
    A) “Обломов”.
    B) “Ревизор”.
    C) “Дубровский”.
    D) “Асауға тұсау”.
    E) “Евгений Онегин”.
15. Қ.Аманжолов Абдолла Жұмағалиевке қандай поэма арнағанын белгілеңіз.
    A) ’’Берлин көшесінде’’.
    B) ’’Ақын өлімі туралы аңыз’’.
    C) ’’Ер туралы жыр’’.
    D) ’’Жиырма сегіз’’.
    E) ’’Майданбек’’.

16. Кенен Әзірбаевтың өлеңін көрсетіңіз.
A) ''Базар-Назар''.
B) ''Сұрша қыз''.
C) ''Сырымбет''.
D) ''Алатау''.
E) ''Майра''.
17. Солақай сыншылар «Абай жолына» көк сүңгі сілтеп, М.Әуезов басына өңгір таяқ ойнатқанда ара түсіп, мақала жазған жазушыны табыңыз.
A) Ғ.Мүсірепов.
B) Т.Жароков.
C) Ғ.Мұстафин.
D) А.Тоқмағамбетов.
E) С.Мұқанов.
18. Әдебиетттегі мазмұн дегеніміз не екенін белгілеңіз.
A) Шығарманың фабуласы.
B) Шығармада өрнектелген өмір шындығы.
C) Шығармадағы бейнелеу тәсілі.
D) Идеяны білдіретін бейнелеу тәсілі.
E) Шығарманың композициялық құрылысы.
19. Тахауи Ахтанов романының атын есіңізге түсіріңіз.
A) "Үркер".
B) "Алдаспан".
C) "Шырағың сөнбесін".
D) "Елім-ай".
E) "Өлара".
20. VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйшіні белгілеңіз.
A) Қорқыт ата.
B) Махмұд Қашқари.
C) Хорезми.
D) Ахмед Иүгінеки.
E) Жүсіп Баласағұн.

21. А.Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында Абайдың есімін кімдер білетінін көрсеткен, табыңыз.
A) Бүкіл қазақ жері таниды.
B) Жетісу, оңтүстік өлкесі біледі.
C) Батыс Қазақстан түгел таниды.
D) Ақмола, Семей облыстары түгел біледі.
E) Сарыарқа жері біледі.

22. «Әупілдек», «Тұлып», «Шұбарда» бөлімдері С.Сейфуллиннің қай шығармасына қатысты екендігін анықтаңыз.
A) «Бақыт жолына».
B) «Тар жол, тайғақ кешу».
C) «Альбатрос».
D) «Жұбату».
E) «Қызыл сұңқарлар».

23. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Абайға: «Бөжекеңді көрген жерде сәлеміңді түзу бер,» - деп айтқан адамды атаңыз.
A) Зере.
B) Айғыз.
C) Ұлжан.
D) Ызғұтты.
E) Күнке.

24. С. Мұқановтың повесін табыңыз.
A) «Ботагөз».
B) «Балуан Шолақ».
C) «Теміртас».
D) «Сырдария».
E) «Сұлушаш».

25. Бұқар жыраудың мына өлеңінде көркем бейнелеу құралдарының қай түрі қолданылғанын табыңыз.

*"Сен - бұзау терісі шөншіксің,*
*Мен - өгіз терісі талыспын".*

A) Теңеу.
B) Шендестіру.
C) Эпитет.
D) Метафора.
E) Кейіптеу.

# 10-нұсқа

1. Толағайдың әкесінің даңқы немен шыққанын көрсетіңіз.
   A) Ер жүрек батыр.
   B) Айтыскер ақын.
   C) Күйші
   D) Мерген.
   E) Әнші.
2. «Кемітер қай жеріңді дұшпан шіркін,
   Адамзат озар емес өз басыңнан,» - деген сөздерді қай айтыс ақыны кімге арнап айтқанын табыңыз.
   A) Омарқұл Тәбияға.
   B) Біржан Сараға.
   C) Мұрат Жантөліге.
   D) Әжек Шәріпжамалға.
   E) Әсет Рысжанға.
3. Ақтамбердінің «От басар орны отаудай» өлеңі не жайында екендігін айқындаңыз.
   A) Әйелдердің теңсіздігі.
   B) Жылқы малының қадір-қасиеті.
   C) Ездердің сатқындығы.
   D) Өмірдің мәнсіздігі.
   E) Жаулардың опасыздығы.
4. Дулат Бабатайұлының өлеңін көрсетіңіз.
   A) «Келер заман».
   B) «Үш қиян».
   C) «Аягөз».
   D) «Тарланым».
   E) «Қызғыш құс».
5. Төрт жасында хат таныған ақынды табыңыз.
   A) М.Жұмабаев.
   B) С.Сейфуллин.
   C) І.Жансүгіров.
   D) Ш.Айтматов.
   E) М.Әуезов.

6. «Шұғаның белгісі» повесінің неше тараудан тұратындығын табыңыз.
   A) 13.
   B) 11.
   C) 12.
   D) 14.
   E) 10.
7. Ғ. Мүсіреповтің әйел-ана атымен аталатын әңгімесін табыңыз.
   A) Ақлима.
   B) Ақбілек.
   C) Ботагөз.
   D) Ұлпан.
   E) Сұлушаш.
8. Аққулар, ана, ауру бала, жылқышы қарт қатысатын М.Мақатаев туындысын атаңыз.
   A) «Шолпан».
   B) «Арман».
   C) «Аққулар ұйықтағанда».
   D) «Қырандар, қош болыңдар».
   E) «Ару ана».
9. О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінің негізгі кейіпкерін атаңыз.
   A) Ақ боз ат.
   B) Тортай.
   C) Дос бала.
   D) Көк өгіз.
   E) Ораш.
10. Тасқа жазылған көне дастандарды табыңыз.
   A) Қорқыт ата.
   B) ”Күлтегін”, ’’Тоныкөк’’.
   C) ’’Диуани лұғат ат-түрік’’.
   D) ’’Құдатғу біліг’’.
   E) ’’Мұхаббат-наме’’.

11. Е.П.Михаэлисті кітапханада Л.Н.Толстой кітабын сұрап таңырқатқан қазақтың кім екенін анықтаңыз.
   A) Шоқан.
   B) Дулат.
   C) Абай.
   D) Ахмет.
   E) Мағжан.
12. «Аласыз қара көзі айнадайын» деген жолдағы (Абай) қолданған тіл айшығын табыңыз.
   A) Әсірелеу.
   B) Астарлау.
   C) Теңеу.
   D) Кейіптеу.
   E) Алмастыру.
13. Ақанның туған жерін атаңыз.
   A) Көкшетау.
   B) Ақмола.
   C) Қарағанды.
   D) Қызылжар.
   E) Жезқазған.
14. Қ.Аманжоловтың туған жылын табыңыз.
   A) 1955 жыл.
   B) 1911 жыл.
   C) 1920 жыл.
   D) 1931 жыл.
   E) 1915 жыл.
15. ''Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен'', - деген пікірді кім айтқанын белгілеңіз.
   A) М.Әуезов.
   B) Б.Кенжебаев.
   C) Х.Сүйіншәлиев.
   D) Р.Бердібаев.
   E) Ж.Дәдебаев.

16. "С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар",- деп басталатын М.Әуезовтің әңгімесінің атын көрсетіңіз.
    A) "Қаралы сұлу".
    B) "Қыр суреттері".
    C) "Қорғансыздың күні".
    D) "Сөніп-жану".
    E) "Кім кінәлі".
17. Ғ.Мұстафиннің өндіріс тақырыбына арналған шығармасын табыңыз.
    A) ''Ер Шойын''.
    B) ''Шығанақ''.
    C) ''Сәрсен мен Боқаш''.
    D) ''Қарағанды''.
    E) ''Қан''.
18. Адам мен оның өмір сүру жағдайларын шын күйінде көрсетудің қалай аталатынын табыңыз.
    A) Романтизм.
    B) Реализм.
    C) Өткенді сынау.
    D) Постмодернизм.
    E) Сыншылдық.
19. Басты қаһарманы Ораз-Мұхаммед тағдырымен байланыстырыла, XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезіндегі оқиғалар қай романда суреттелгенін табыңыз.
    A) С.Сматаев ''Елім-ай''.
    B) І.Есенберлин ''Қаһар''.
    C) Ә.Кекілбаев ''Үркер''.
    D) М.Мағауин ''Аласапыран''.
    E) Ә.Әлімжанов ''Жаушы''.
20. «Қазақ» газеті, оның жаны болған А. Байтұрсынов жайлы құнды пікір айтқан адамды көрсетіңіз
    A) М.Дулатов
    B) Ғ.Мұстафин
    C) М.Әуезов
    D) Ж.Аймауытов
    E) А.Құнанбаев

21. Шәмкеш, Тұрмағамбет, Иманқұл атты кейіпкерлердің Ж.Аймауытовтың қай шығармасында кездесетіндігін анықтаңыз.
A) «Ақбілек»
B) «Қартқожа»
C) «Мансапқорлар»
D) «Рабиға»
E) «Қанапия-Шарбану»

22. І.Жансүгіровтің поэмасын белгілеңіз.
A) «Көкшетау».
B) «Чили, шуағым менің».
C) «Көбік шашқан».
D) «Ару ана».
E) «Сүлушаш».

23. Абай Ділдәға үйленгенде бас құда болып барған адамды белгілеңіз.
A) Майбасар.
B) Тәкежан.
C) Ызғұтты.
D) Ербол.
E) Жиренше.

24. С.Мұқановтың кейіпкері («Өмір мектебінен») Ұлпа қыздың әні делінетін өлеңнің атын табыңыз.
A) «Өр Алтай».
B) «Есіл бойында».
C) «Інжу-маржан».
D) «Есіл тасып барады».
E) «Ертістің арғы жағы».

25. *Көздің жасы, жүректің қанымен,*
*Ерітуге болмайды іштің мұзын. (Абай)*
Троптың түрін белгілеңіз.
A) Кейіптеу.
B) Метафора.
C) Аллегория.
D) Ирония.
E) Метонимия.

# 11-нұсқа

1. *''Қой сүйеді баласын ''қоңырым'' деп,*
   *Ештеңені білмеген момыным деп.''*
   Қай жырдан алынған үзінді екенін анықтаңыз.
   A) ''Шопан атаға''.
   B) ''Малдың баласын сүюі''.
   C) ''Ойсыл қараға''.
   D) ''Сексек атаға''.
   E) ''Жылқышы атаға''.
2. ''Қалың мал'' романында: ''Байдың қатыны өлсе,- төсегі жаңғырар, кедейдің қатыны өлсе,- басы қаңғырар'' дегендей, басы қаңғырады дейтін жарлы емессің, мал берсең, қызын біреу өзі-ақ әкеп тастар,''- деп жұбату айтушы кім екенін белгілеңіз.
   A) Ауыл ақсақалдары.
   B) Амантай.
   C) Серғазы.
   D) Қарағұл.
   E) Итбай.
3. Абайдың баласы Әбдірахманға арнаған өлеңдері қандай туынды екенін белгілеңіз.
   A) Арнау өлең.
   B) Мадақтау өлең.
   C) Жоқтау өлең.
   D) Эпиграмма.
   E) Әзіл өлең.
4. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романында Жамалдың сүйген жігітінің атын табыңыз.
   A) Жұман.
   B) Ғали.
   C) Сәрсенбай.
   D) Фатихолла.
   E) Байжан.
5. «Кек», «Түрксиб», «Исатай-Махамбет» пьесаларының авторын көрсетіңіз.
   A) С.Сейфуллин.
   B) Б.Майлин.
   C) І.Жансүгіров.
   D) М.Әуезов.
   E) С.Мұқанов.
6. М.Әуезовтің пьесасын белгілеңіз.
   A) «Бақыт жолына».
   B) «Бәйбіше-тоқал».
   C) «Ш.Уәлиханов».
   D) «Ант».
   E) «Мансапқорлар».

7. С.Мұқановтың өнер иесіне арналған туындысын белгілеңіз.
   A) «Ботагөз».
   B) «Менің мектептерім».
   C) «Есею жылдары».
   D) «Балуан Шолақ».
   E) «Сырдария».
8. Жоғалуға бет алған аң-құс, өсімдік, жәндіктерді қорғауға арналған «Қызыл кітап» өленінің авторын табыңыз.
   A) Ж.Молдағалиев.
   B) М.Мақатаев.
   C) Қ.Мырзалиев.
   D) Қ.Бұғыбаева.
   E) Т.Әбдірахманова.
9. Екінші дүниежүзілік соғыстың көркем шежіресі болып табылатын туындыны көрсетіңіз.
   A) «Аласапыран». М. Мағауин
   B) «Қаһар». У. Есенберлин
   C) «Қаһарлы күндер». Т. Ахтанов
   D) «Жанталас». У. Есенберлин
   E) «Сұлушаш». С. Мұқанов
10. "Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным", "Ажал да кісі таңдап алады екен, сол итті неге қойған алып кетпей,"- деген ашынған сөздердің иесін көрсетіңіз.
   A) Баян сұлу.
   B) Қыз Жібек.
   C) Ақын Сара.
   D) Алмажан.
   E) Айман.
11. Өз тұсындағы ханға «Орыспенен соғыспа» деп үн қататын жырауды табыңыз.
   A) Бұқар.
   B) Асан қайғы.
   C) Жиембет.
   D) Махамбет.
   E) Доспамбет.
12. «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» поэмаларының авторын табыңыз.
   A) И.Байзақов.
   B) Ш.Құдайбердиев.
   C) М.Абайұлы.
   D) А.Құнанбаев.
   E) С.Торайғыров.

13. Ақан сері «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» деген пікірді қай өлеңінде айтатынын табыңыз.
A) «Жақсы мен жаман».
B) «Асыл мен жасық».
C) «Құлагер».
D) «Жүсіп төреге».
E) «Заман адамы».

14. Мына өлең жолдары Шәкәрім Құдайбердіұлының қай өлеңінен алынғанын табыңыз.
*«Дос мақтайды сені жақсы көрмек үшін,*
*Дұшпан мақтар екірте бермек үшін...»*
A) «Қазақтың жаманы болмас».
B) «Сен ғылымға».
C) «Мақтау мен сөгіс».
D) «Бостандық туы жарқырап».
E) «Жастарға».

15. ''Жауыздық пен махаббат'', ''Заман біздікі'', ''Шығыс ұлына хат'', т.б. шығармалар жазған жауынгер-публицист жазушыны анықтаңыз.
A) С.Ерубаев.
B) Ә.Әбішев.
C) Ж.Саин.
D) Б.Бұлқышев.
E) Ә.Сәрсенбаев.

16. Қазақстан жазушыларының Бірінші құрылтайында Жазушылар одағына мүшелікке қабылданған халық ақындарын табыңыз.
A) Жамбыл, Нартай, Кенен.
B) Нұрпейіс, Доскей.
C) Шашубай, Иса.
D) Нұрлыбек, Омар.
E) Тайыр, Спандияр.

17. Ғ.Мұстафиннің ''Дауылдан кейін'' романы қай жылы жарық көргенін белгілеңіз.
A) 1960 ж.
B) 1957 ж.
C) 1965 ж.
D) 1962 ж.
E) 1955 ж.

18. «Солаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда»,- деген жолдардағы (Абай) көркемдегіш құралды табыңыз.
A) Басқы үйқас.
B) Аллитерация.
C) Теңеу.
D) Кейіптеу.
E) Ассонанс.

19. Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасындағы совнарком председателінің орынбасарын анықтаңыз.
    A) Рысқұлов.
    B) Голощекин.
    C) Құрамысов.
    D) Хұсни.
    E) Мүсірепов.
20. «Руна жазуы» деген ұғым қай халықтың сөзі екенін табыңыз.
    A) Түрік сөзі.
    B) Скандинавия халықтарының сөзі.
    C) Ағылшын сөзі.
    D) Орыс сөзі.
    E) Үнді елінің сөзі.
21. А.Байтұрсыновтың мақаласын табыңыз:
    A) "Бұл заманның соғысы"
    B) "Қазақ қалпы"
    C) "Маса"
    D) "Жиған - терген"
    E) "Досыма хат"
22. ''Мұсылмандық белгісі'', ''Әкесінен хат'', ''Садақбайға'' деген өлеңдердің авторын көрсетіңіз.
    A) Б.Майлин.
    B) С.Дөнентаев.
    C) Б.Өтетілеуов.
    D) М.Сералин.
    E) Ы.Алтынсарин.
23. "Абай жолы" романындағы Абай жақсы көрген қазақтың ата кәсібін көрсетіңіз.
    A) Етікшілік, саяхатшылық.
    B) Аңшылық, саятшылық.
    C) Балықшылық, егіншілік.
    D) Тігіншілік, емшілік.
    E) Диқаншылық, өрімшілік.
24. Ғ.Мүсіреповтің "Боранды түнде" әңгімесінде жеңгесінің кішкене қайнысына қойған атын табыңыз.
    A) Қайным.
    B) Кішкенем.
    C) Боқмұрын.
    D) Інішегім.
    E) Тентегім.

25. Төмендегі мысалдардан эпитетті табыңыз.

A) Дәулет – қызық, бала – бал.

B) Піскен алма секілді тәтті қызды.

C) Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

D) Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл.

E) Жер күлімдер өзіне шырай беріп.

## 12-нұсқа

1. ''Қаңбақ шал'' ертегісіндегі қай кейіпкердің сөзі екенін белгілеңіз.
   *-''Аспанга лақтырсам, аспан айналып жерге түседі-ау!''- деп, қауіп қылып тұрмын.*
   A) Шал.
   B) Дәу.
   C) Екінші дәу.
   D) Анасы.
   E) Түлкі.
2. «Алпамыс батыр» жырындағы батырдың жарының есімін табыңыз.
   A) Назым.
   B) Гүлбаршын.
   C) Қарашаш.
   D) Ақжүніс.
   E) Қарлыға.
3. Шалкиіз:

   Бір жақсымен дос болсаң,

   Азбас-тозбас мүлкі етер.

   Бір жаманмен дос болсаң,

   ...Жімле ғаламға күлкі етер, - деп қандай мәселені қозғағандығын анықтаңыз.
   A) Ерлік, бірлік.
   B) Ел қорғау.
   C) Тыныштық.
   D) Достық, жолдастық.
   E) Сақтық.
4. Мына шығармалардың қайсысы Махамбеттікі екендігін табыңыз.
   A) "Ей, Абылай, Абылай"
   B) "Ағайының көп болса"
   C) "Белгілі биік көк сеңгір"
   D) "Ереуіл атқа ер салмай"
   E) "Асқар, асқар, асқар тау"
5. Абайдың соңғы туындыларының қатарына жататынын табыңыз.
   A) Өлеңдері.
   B) Қара сөздері.
   C) Поэмалары.
   D) Аудармалары.
   E) Әндері.

6. Шәкәрімнің ғұмырнамалық өлеңін табыңыз.
   A) «Сен ғылымға».
   B) «Насихат»
   C) «Мұтылғанның өмірі».
   D) «Адам немене».
   E) «Мұсылмандық шарты».
7. Пейзаж терминінің мағынасын анықтаңыз.
   A) Адамның сыртқы түрін сипаттау.
   B) Оқиғаны баяндау.
   C) Табиғатты суреттеу.
   D) Бір адамның портретін беру.
   E) Оқиға болған жерді көрсету.
8. "Үш бақытымның" авторын табыңыз.
   A) Қадыр Мырзалиев.
   B) Фариза Оңғарсынова.
   C) Ақұштап Бақтыгереева.
   D) Мұқағали Мақатаев.
   E) Жұмекен Нәжімеденов.
9. «Қаһарлы күндер» романының авторын табыңыз.
   A) Ж.Саин.
   B) Т.Ахтанов.
   C) І.Есенберлин.
   D) Ә.Нұрпейісов.
   E) Ә.Кекілбаев.
10. "Шығыстың Аристотелі " атанған адамды табыңыз.
   A) Платон.
   B) Қожа Ахмет Яссауи.
   C) Әбу Насыр әл-Фараби.
   D) Захириддин Мұхаммед Бабыр.
   E) Әбу Әли Ибн Сина.
11. Абайдың пікірлес орыс досын анықтаңыз.
   A) Березин.
   B) Потанин.
   C) Михаэлис.
   D) Веселовский.
   E) Белинский.

12. Ақан серінің «Бара-бар крестьянға тең болмадық» өлеңінде айтылған ақын қарсылығының мәнін ашыңыз.
A) Орысша оқымағанына, орыспен тең болмағанына күйінеді.
B) Орыс байларының қайырымсыздығын әшкерелейді.
C) Елді қорғай алмаған қазақ оқығандарына ашуланады.
D) Қазақтың жерін де, малын да алып, пайда тауып отырған патша үкіметін сынайды.
E) Заң білмейтін қазақтарға ыза болады.

13. "Аққудың әуеніндей үнің бар-ау" деп тамсана жырлаған ақынның шығармасын белгілеңіз.
A) І.Жансүгіров "Күй".
B) Қ.Аманжолов "Домбыра".
C) Қ.Мырзалиев "Домбыра".
D) М.Жұмабаев "Қойлыбайдың қобызы".
E) Ж.Нәжімеденов "Күй".

14. Жамбылдың «Шағым» деген өлеңін неше жасында шығарғанын белгілеңіз.
A) 12-13 жаста.
B) 25-30 жасында.
C) 15-16 жаста.
D) 20 жасында.
E) 17-18 жаста.

15. М.Әуезовтің «Адамдық негізі-әйел» деген тұңғыш мақаласы қашан жазылғанын табыңыз.
A) 1917 ж.
B) 1916 ж.
C) 1919 ж.
D) 1918 ж.
E) 1915 ж.

16. *«Оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ер жетіп келе жатты»*. М.Әуезовтің осылай аяқталатын туындысын табыңыз.
A) «Түнгі сарын».
B) «Қараш-Қараш оқиғасы».
C) «Намыс гвардиясы».
D) «Қилы заман».
E) «Шатқалаң».

17. Ш.Уәлиханов мұраларын айрықша зерттеген адамды белгілеңіз.
A) С.Мұқанов
B) М.Мағауин.
C) Ә.Дербісалин.
D) Қ.Жұмалиев.
E) С.Сейфуллин.

18. Көркемдік тәсілдің түрін анықтаңыз.
*Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға,*
*Жігіттер, бәріңіз де сұқтанарсыз ... (І.Жансүгіров)*
A) Антитеза.
B) Теңеу.
C) Ассонанс.
D) Мотив.
E) Эпитет.

19. Қ.Жұмаділовтің алғашқы жарияланған әңгімесін табыңыз.
A) «Тағдыр».
B) «Таңғажайып дүние».
C) «Қаздар қайтып барады».
D) «Соңғы көш».
E) «Қозыкүрең».

20. Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романының үшінші бөлімі сыншылардың пікірінше қалай суреттелгенін белгілеңіз.
A) Тиянақтылық, дәлдік бар.
B) Очерк сарындары, асығыстық қылаң береді.
C) Кейбір олқылық байқалады.
D) Үлкен шабытпен жазылған.
E) Оқиғалар дөңгеленіп, әдемі аяқталады.

21. Мағжанның Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқыған жылдары.
A) 1924-1930 жж.
B) 1923-1927 жж.
C) 1914-1918 жж.
D) 1925-1932 жж.
E) 1930-1938 жж.

22. Сәкен Сейфуллиннің поэмасын табыңыз.
A) "Құлагер".
B) "Кім жазықты".
C) "Қызыл ат".
D) "Сұлушаш".
E) "Гималай".

23. Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі сюжеттік байланыстың қай оқиғадан басталғандығын табыңыз.
A) Шұғаның Әбдірахманды тұңғыш көруінен.
B) Есімбектің Әбдірахманды тұтқыннан босатуынан.
C) Әбдірахманның Базарбайдан Шұғаға хат беруінен.
D) Қасымжан әңгімесінің аяқталуынан.
E) Шұғаның ауруға шалдығуынан.

24. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Құнанбайдың жақсы, мырза, шешен адам екенін мойындайтын кейіпкерді табыңыз.
A) Қаумен.
B) Дәркембай.
C) Қаратай.
D) Байсал.
E) Базаралы.

25. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы кейіпкерді анықтаңыз.
A) Айгүл.
B) Еркебұлан.
C) Ақбота.
D) Есеней.
E) Қайрош.

## 13-нұсқа

1. *Толарсақтан саз келсе,*
*Қажымай оган жүретін.*
*Қабыргадан қан келсе,*
*Қажымай оган күлетін...*
Осы үзіндіде не туралы айтылатынын белгілеңіз.
A) Бақытсыздыққа ұшырағаны.
B) Ел мұңы жайлы.
C) Достық.
D) Батырлық жайында.
E) Өмірі.
2. Ы.Алтынсарин құрастырған «Қазақ хрестоматиясының» алғашқы беті қандай өлеңмен ашылғанын табыңыз.
A) «Өнер-білім бар жұрттар»
B) «Кел, балалар, оқылық!»
C) «Өзен»
D) «Шәкірт ойы»
E) «Интернатта оқып жүр»
3. Абайдың табиғатты тірілту негізінде жазылған өлеңдерін табыңыз.
A) «Қараңғы түнде тау қалғып».
B) «Қыс», «Теректің сыйы».
C) «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай».
D) «Жазғытұры».
E) «Желсіз түнде жарық ай».
4. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинағы екінші рет қай қалада басылғанын белгілеңіз.
A) Ташкентте.
B) Омбыда.
C) Тройцкіде.
D) Орынборда.
E) Семейде.
5. «Талтаңбайдың тәртібі» драмасында (Б.Майлин) Талтаңбайдың талтаңдау себебін белгілеңіз.
A) Бай болғандықтан аяғын баса алмайды.
B) Көргенсіз, құр кеуде, даңғой парықсыз болғандақтан талтаңдайтын аллегориялық бейне.
C) Жоғары жақта сүйеушісі болғандықтан есіреді.
D) Не үшін талтаңдайтынын өзі де түсінбейді.
E) Аурулығы себепті талтаңдап жүре алмады.

6. Шығармадағы кейіпкерлер Бақтығұл, Тектіғұл, Сәт, Сәлмен образдары М.Әуезовтің қай шығармасында кездесетінін белгілеңіз.
   A) «Қыр әңгімелері».
   B) «Қараш-Қараш оқиғасы».
   C) «Қорғансыздың күні».
   D) «Үйлену».
   E) «Адамдық негізі - әйел».
7. Ғ. Мүсірепов жұмысшы факультетіне (рабфакқа) оқуға қай қалада түскенін белгілеңіз.
   A) Семей.
   B) Алматы.
   C) Орынбор.
   D) Қызылжар.
   E) Ақтөбе.
8. Ж.Молдағалиевтің «Мен - қазақпын» шығармасындағы лирикалық кейіпкер кімнің атынан сөйлейтінін табыңыз.
   A) Өз атынан.
   B) Ақын атынан.
   C) Жастар атынан.
   D) Халық атынан.
   E) Тарих атынан.
9. «Шыңырау» повесінің авторын табыңыз.
   A) Ә.Тәжібаев.
   B) Ә.Кекілбаев.
   C) Ә.Нүрпейісов.
   D) Ш.Мұртаза.
   E) І.Есенберлин.
10. ''Алла ісіне шара жоқ-ау! Жетпесті қуып алқынба! Қайырлы ғұмыр бере көр-ау, Қозыжанға артында.'' Тұрмыс- салт жырының қай түрі (''Қозы Көрпеш-Баян сұлу'') көрініс тапқанын көрсетіңіз.
    A) Жұбату.
    B) Жоқтау.
    C) Тойбастар.
    D) Жар-жар.
    E) Қоштасу.
11. «Қанын ішіп қанбаққа,

    Жанын отқа салмаққа…

    Хан ие, ісің жол емес,» - деп, Жиембет жырау кімге айтқанын анықтаңыз.
    A) Кене ханға.
    B) Абылай ханға.
    C) Есім ханға.
    D) Әбілқайырға.
    E) Тәуке ханға.

12. *–Туғанда дүние есігін ашады өлең*
*Өлеңмен жер қойнына кірер денең,*
*Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,*
*Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең,*-деп айтқан кім екенін анықтаңыз.
A) Абай Құнанбаев.
B) Шәкәрім Құдайбердиев.
C) Мұхтар Әуезов.
D) Мағауия Абайұлы.
E) Сұлтанмахмұт Торайғыров.

13. Ақан сері «Заман адамы» деген туындысында қазақтың артта қалу себебін неден көретінін анықтаңыз.
A) Оқымағандық.
B) Өнерсіздік.
C) Араздық, өшпенділік.
D) Еріншектік, жалқаулық.
E) Екіжүздік, аярлық.

14. Ж.Аймауытовтың прозалық туындысын табыңыз.
A) "Жер қазғандар".
B) "Жолдастар".
C) "Күнікейдің жазығы".
D) "Миллионер".
E) "Раушан-коммунист".

15. «Шығыстан сызылып таң келеді. Мен немісті өлтіруге жөнелдім»,- деп жазған Шығыс ұлы кім екенін табыңыз.
A) Қ.Аманжолов.
B) Ж.Саин.
C) Б.Бұлқышев.
D) Қ.Қайсенов.
E) Б.Момышұлы.

16. Жамбылдың 1916 жыл оқиғасына байланысты жазған шығармасын табыңыз.
A) «Туысқан ел».
B) «Жайлау».
C) «Зілді бұйрық».
D) «Өстепкеде»
E) «Шағым».

17. Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романы қай жылдар аралығын қамтитындығын анықтаңыз.
A) 1910-1920.
B) 1920-1925.
C) 1930-1940.
D) 1945-1955.
E) 1925-1928.

18. Параллелизм деген ұғымның мәнін табыңыз.
A) Қарама-қарсы ұғымдарды жақындату.
B) Басқа біреудің әдеби шығармасын иемдену.
C) Екі нәрсені қатарластыра алып бейнелеу тәсілі.
D) Керексіз, орынсыз, басы артық сөз.
E) Қайта айту деген мағынаны білдіреді.
19. Мұхтар Мағауиннің романын анықтаңыз.
A) «Дарабоз».
B) «Боран».
C) «Қарағанды».
D) «Тазының өлімі»
E) «Қазақ солдаты».
20. Қорқыт бабаның қобызшылар сақтап қалған күйлерін белгілеңіз.
A) «Ақсақ құлан».
B) «Саусақ».
C) «Желмая».
D) «Құрт жайған».
E) «Кісен ашқан».
21. А.Байтұрсыновтың «Қазақ өкпесі» мақаласында қандай мәселелердің жауабы айтылғандығын табыңыз.
A) Тарихи мәселелер.
B) Тәрбие мәселесі.
C) Тіл мәселесі.
D) Сөз өнері.
E) Оқу жайы.
22. «Темір торлы тас сандықтың ішінде шынжырланып байлаулы қызыл сұңқарлар жатты» деген үзіндінің кімнің шығармасынан алынғандығын анықтаңыз.
A) М.Әуезов.
B) С.Сейфуллин.
C) С.Мұқанов.
D) Б.Майлин.
E) І.Жансүгіров.
23. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Сүйіндіктің қандай образ екенін белгілеңіз.
A) Табанды, қырсық адам.
B) Сыр бермес.
C) Жалтақ адам.
D) Сұм адам.
E) Жеңген топтың қасында жүретін адам.

24. С.Мұқановтың жұртшылыққа әйгілі туындысын анықтаңыз.
    A) «Қазақ солдаты».
    B) «Ботагөз».
    C) «Амангелді».
    D) «Майдангер».
    E) «Жат қолында».
25. *"Қабаққа біткен қайыңның*
    *Беріші еді, безі еді.*
    *Өтіндей-ақ аюдың*
    *Әкемнен қалған көз еді. "*(І.Жансүгіров)
    Үзіндіде қолданылған бейнелеу құралын көрсетіңіз.
    A) Аллегория.
    B) Метафора.
    C) Кейіптеу.
    D) Синекдоха.
    E) Әсірелеу.

# 14-нұсқа

1. «Асырауын тапса адам болар» мақалының тақырыбын белгілеңіз.
   A) Тәлім – тәрбие туралы
   B) Еңбек туралы
   C) Тіл өнері туралы
   D) Ел, халық туралы
   E) Өнер – білім туралы
2. Тоқсанның құлдың бастығы, Қобыланды батырды баулыған ерді белгілеңіз.
   A) Тоқтарбай
   B) Естеміс
   C) Қызыл ер
   D) Ер Қазан
   E) Қараман
3. 1675-1768 жылдары өмір сүрген, әйгілі Бөгенбай батырға жыр арнаған жырауды көрсетіңіз.
   A) Қазтуған жырау.
   B) Ақтамберді жырау.
   C) Жиембет жырау.
   D) Шалкиіз жырау.
   E) Доспамбет жырау.
4. М.Өтемісұлының философиялық лирикаға жататын өлеңін табыңыз.
   A) «О, Нарын».
   B) «Ереуіл атқа ер салмай».
   C) «Аспандағы боз торғай».
   D) «Тарланым».
   E) «Мұңайма».
5. М.Дулатовтың ''Оян, қазақ!'' өлең жинағы екінші рет 1911 жылы қай қалада басылғанын белгілеңіз.
   A) Жамбыл.
   B) Орынбор.
   C) Кереку.
   D) Шымкент.
   E) Семей.
6. Ғ.Мұстафиннің ''Шығанақ'' романының бас кейіпкері-Шығанақтың прототипі кім екенін белгілеңіз.
   A) Ыбырай Жақаев.
   B) Сәкен Сейфуллин.
   C) Шығанақ Берсиев.
   D) Саттар Ерубаев.
   E) Қайырғали Сарталиев.

7. Шығарманың кейіпкері деген ұғымға лайық анықтаманы белгілеңіз.
   A) Шығармадағы адамдардың мінез-құлқы, сырт пішіні.
   B) Өмірде сирек кездесетін, тіпті мүлде кездеспейтін образдар.
   C) Шығармадағы адамдардың көркем бейнесі.
   D) Міндетті түрде өмірде болған адамдар.
   E) Жансыз табиғаттың кәдімгі тірі адамға айналуы.
8. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы оқиғаның өтетін жерін көрсетіңіз.
   A) Жетімкөл.
   B) Алакөл.
   C) Жетісу.
   D) Жетішатыр.
   E) Сабындыкөл.
9. Тахауи Ахтановтың романын анықтаңыз.
   A) «Өмір мен өлім».
   B) «Шығанақ».
   C) «Боран».
   D) «Сырдария».
   E) «Адасқандар».
10. А.Яссауидың ұстазы кім екенін анықтаңыз.
   A) Арыстан баб.
   B) Домалақ ана.
   C) Бекет ата.
   D) Әбу Насыр Әл-Фараби.
   E) Баба түкті Шашты Әзиз.
11. Абайдың Лермонтовтан аударған мысалдарын анықтаңыз.
   A) «Піл мен канден».
   B) «Теректің сыйы».
   C) «Шегіртке мен құмырсқа».
   D) «Бақа мен өгіз».
   E) «Евгений Онегин».
12. «Мың бір түн» ертегісінін уақиғасы негізінде жазылған Абайдың поэмасын табыңыз.
   A) "Ескендір".
   B) "Әзім әңгімесі".
   C) "Масғұт".
   D) "Медғат-Қасым".
   E) "Қалқаман-Мамыр".

13. "Салбырап сапты аяқтай төменгі ернің ...
Бота тірсек, қыз сағақ, сандал керім ..." үзіндісі қай өлеңнен алынғандығын табыңыз.
A) "Аттың сыны"
B) "Мал жимақ"
C) "Ақ көйлек"
D) "Құлагер"
E) "Ұршық"
14. Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасындағы ердің атын табыңыз.
A) Мағжан.
B) Абдолла.
C) Төлеген.
D) Сәкен.
E) Баубек.
15. Кеңес жазушыларының Бүкілодақтық II съезіндегі баяндамасында Жамбылдың соғыс кезіндегі поэзиясының қуатты поэзия болғандығын атап көрсеткен адамды табыңыз.
A) Н.Тихонов.
B) А.Сурков.
C) Р.Роллан.
D) А.Толстой.
E) А.Нексе.
16. "Түнгі сарын" (М.Әуезов) пьесасындағы Жүзтайлақтың шын есімін белгілеңіз.
A) Бикен.
B) Бибігүл.
C) Биғайша.
D) Бибіш.
E) Бибінұр.
17. С.Мұқановтың «Өмір мектебінен» алынған үзінді «Саятшы Оразда» көрсеті қандай құстарды қандай мезгілде аң-құсқа салатынын белгілеңіз.
A) Жазда құс салмайды.
B) Қыста қаршыға, жазда бүркіт салады.
C) Қыста түйғын, жазда қаршыға салады.
D) Қыста құсбегілер бүркіт, жазда қаршыға мен тұйғын салады.
E) Жазы-қысы бірдей салады.
18. Көркем шығарма композициясының элементін көрсетіңіз.
A) Шарықтау шегі.
B) Ұлғайту.
C) Романтизм.
D) Ремарка.
E) Метафора.

19. «Біздің жақта қыс ұзақ» шығармасы кімдікі екенін анықтаңыз.
A) О.Бөкейұлы.
B) М.Мағауин.
C) Ә.Кекілбаев.
D) Қ.Жұмаділов.
E) С.Жүнісов.
20. Сөз тұлғасын түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар деп ( қарастырған ғалымды табыңыз..
A) А.Байтұрсынов.
B) М.Әуезов.
C) Т.Қордабаев.
D) Ә.Қайдаров.
E) М.Дулатов.
21. Мағжан қызмет еткен Ақмола губерниялық газетінің атын табыңыз.
A) "Сана".
B) "Ақ жол".
C) "Бостандық туы".
D) "Қазақ".
E) "Шолпан".
22. Қазақтың тұңғыш мемуарлық романын қай жазушы жазғанын табыңыз.
A) С.Мұқанов.
B) М.Әуезов.
C) С.Сейфуллин.
D) Б.Майлин.
E) М.Дәулетбаев.
23. І.Жансүгіровтің қай поэмасында Хан Кене бейнесі кездесетінін белгілеңіз.
A) ''Рүстем қырғыны''.
B) ''Күйші''.
C) ''Жаңа туған''.
D) ''Дала''.
E) ''Күй''.
24. Бенжамен Матиптің "Қазақ - неткен ғажайып халық" деген пікірі қай шығар оқығаннан кейін туындағанын көрсетіңіз.
A) Ғ.Мүсірепов "Қазақ солдаты".
B) Ғ.Мұстафин "Миллионер".
C) М.Әуезов "Абай жолы".
D) М.Әуезов "Қилы заман".
E) С.Мұқанов "Ботагөз".

25. Ғ. Мүсіреповтің соғыс тақырыбына арналған романын табыңыз.

A) «Офицер күнделігі».

B) «Намыс гвардиясы».

C) «Қаһарлы күндер».

D) «Қазақ солдаты».

E) «Москва үшін шайқас».

# 15-нұсқа

1. Әдеби ертегіні табыңыз.
   A) «Алтын сақа»
   B) «Құлатай батыр»
   C) «Ақбай»
   D) «Толағай»
   E) «Хан қызы»
2. Ы. Алтынсарин ұйымдастырған тұңғыш мектеп қай жылы, қай қалада ашылғанын белгілеңіз.
   A) 1863 ж. Ырғызда.
   B) 1864 ж. Торғайда.
   C) 1865 ж. Қостанайда.
   D) 1865 ж. Орынборда.
   E) 1866 ж. Омбыда.
3. Абайдың поэмасын табыңыз.
   A) "Ләйлі-Мәжнүн".
   B) "Еңлік-Кебек".
   C) "Жүсіп-Зылиха".
   D) "Масғұт".
   E) "Медғат-Қасым".
4. А.Байтұрсынұлының мақаласын көрсетіңіз.
   A) «Қазақша оқу жайына».
   B) «Туысыма».
   C) «Балықшы мен балық».
   D) «Алтын әтеш».
   E) «Қаздар».
5. «Құлагер» поэмасындағы Батыраштың жүйрігін анықтаңыз.
   A) Көктұйғын.
   B) Құлагер.
   C) Көктопай.
   D) Сүрсеркесі.
   E) Ақбақай.

6. Қ.Аманжоловтың іштей ойлану, толғану сыры сияқты, кейінге қалдырған аманат сөзіне ұқсайтын шығармасын белгілеңіз.
   A) «Өзім туралы».
   B) «Қарыздар болмай өлейік».
   C) «Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа».
   D) «Туған жер».
   E) «Көкшетау».
7. «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай,» - деп кім айтқанын анықтаңыз.
   A) Б.Матиф.
   B) Н.Погодин.
   C) Ш.Айтматов.
   D) Ғ.Мүсірепов.
   E) М.Горький.
8. «Адалдық, ақиқаттан сомдап соққан
   Тасқа салсам мұқалмас қаруым бар» деген өлең тармақтарында ақынның нені танытатындығын анықтаңыз.
   A) Сезімталдықты.
   B) Қайсарлықты.
   C) Ұяңдылықты.
   D) Жігерсіздікті.
   E) Білімділікті.
9. «Көшпенділер» атты тарихи трилогияның екінші бөлімі қалай аталатындығын табыңыз.
   A) «Қаһар».
   B) «Қатерлі өткел».
   C) «Жанталас».
   D) «Ғашықтар».
   E) «Алмас қылыш».
10. Қарабай мен Қодардың Қозы Көрпешке жасаған жамандығын табыңыз.
   A) У береді.
   B) Қызын бергісі келмей, бақа айғырға мініп қашады.
   C) Ел шетіне кіргізбейді.
   D) Елден қуып жібереді.
   E) Қой бақтырып қояды.

11. "Сен алтынсың, мен пұлмын, Сен жібексің, мен жүнмін" деген өлең жолдарын Шалкиіз жырау кімге арнап айтқанын белгілеңіз.
   A) Мұса биге.
   B) Ханға.
   C) Би Темірге.
   D) Жолдасына.
   E) Батырға.
12. Абай өз шығармаларында ел бұзар тентекті қалай атайтынын табыңыз.
   A) Өтірікші.
   B) Жауыз.
   C) Пысық.
   D) Өсекші.
   E) Ұры.
13. Ақан серінің лирикалық-психологиялық жоқтау әнін табыңыз.
   A) «Құлагер».
   B) «Ұрқияжан».
   C) «Заман туралы».
   D) «Жүсіп төреге».
   E) «Балқадиша».
14. Ж.Аймауытовтың «Ел қорғаны» драмасы басылып шыққан қала аты мен жылын табыңыз.
   A) Қызылорда, 1926ж.
   B) Ташкент, 1925ж.
   C) Шымкент, 1923ж.
   D) Семей, 1916ж.
   E) Алматы, 1930ж.
15. Жамбылдың бір болысты әжуалап жазған сатиралық өлеңін атаңыз.
   A) ''Алынбас қамал''.
   B) ''Шағым''.
   C) ''Мәңке туралы''.
   D) ''Замана ағымы''.
   E) ''Майданға хат''.

16. "Абай жолы" эпопеясындағы Дәркембайдың кім екендігін көрсетіңіз.
 A) Орта шаруалы адам.
 B) Абайдың шәкірті.
 C) Бай, болыс.
 D) Кедей жатақ.
 E) Ел қорғаны-батыр.

17. Ғ.Мұстафиннің өзі жақсы білетін ауыл өмірін баяндаған тұңғыш кітабын табыңыз.
 A) «Керуен».
 B) «Көз көрген».
 C) «Ер Шойын».
 D) «Тұтқыш».
 E) «Дауылдан кейін».

18. Астарлы меңзеу арқылы берілетін көркемдегіш сөздің атауын табыңыз.
 A) Эпитет.
 B) Гипербола.
 C) Метафора.
 D) Аллегория.
 E) Теңеу.

19. Қабдеш Жұмаділовтің романын анықтаңыз.
 A) «Сарышымшық».
 B) «Сарыжайлау».
 C) «Соңғы көш».
 D) «Қозыкүрең».
 E) «Сәйгүліктер».

20. ''Күлтегін'', ''Тоныкөк'' жырларын жазған кім екенін белгілеңіз.
 A) Иоллығ тегін.
 B) Тоныкөк.
 C) Яссауи.
 D) Қорқыт.
 E) Білге қаған.

21. «Жуандар», «Құлар» өлеңдерінің авторын белгілеңіз.
 A) Спандияр Көбеев.
 B) Ыбырай Алтынсарин.
 C) Шәкәрім Құдайбердіұлы.
 D) Сәбит Дөнентаев.
 E) Ахмет Байтұрсынов.

22. Адақ кімнің кейіпкері екенін белгілеңіз.
   A) С.Сейфуллин.
   B) С.Дөнентаев.
   C) М.Әуезов.
   D) Ғ.Мүсірепов.
   E) М.Жұмабаев.
23. "Қорғансыздың күні" әңгімесін жазған кезде М.Әуезовтің неше жаста екенін табыңыз.
   A) Он беске енді толған.
   B) Он сегіз жаста.
   C) Жиырма төртке келген.
   D) Жиырмадан енді асқан.
   E) Отыз бес шамасында.
24. С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы кейіпкерлердің сөйлеу тілінің ерекшелігін белгілеңіз.
   A) Қарапайым сөйлеу тілі арнасы сақталған.
   B) Кейіпкерлердің тілі күрделі, қиын.
   C) Кейіпкерлер тілі өте әшекейлі, әсем.
   D) Сезім тілімен сөйлеген.
   E) Әр кейіпкердің өзінше сөйлеу ерекшелігі бар.
25. Ызалы жүрек, долы қол,
   «Улы сия, ащы тіл».
   Абай өлеңінің осы жолдарында қандай көркемдегіш құрал жасағанын табыңыз.
   A) Теңеу.
   B) Метонимия.
   C) Эпитет.
   D) Метафора.
   E) Аллегория.

## 16-нұсқа

1. *"Болған адам болдым демес,*
*Болдым десе, болғаны емес"*,- деген өлең шумағындағы тақырыпты белгілеңіз.
A) Еңбек.
B) Ақылдылық.
C) Туған жер.
D) Достық.
E) Сөз өнері.
2. Адамның табиғаттың жұмбақ сырына түсінбеген кезінде туындаған айтыс түрін табыңыз.
A) Қыз бен жігіт айтысы.
B) Бәдік айтысы.
C) Салт айтысы.
D) Ақындар айтысы.
E) Жұмбақ айтысы.
3. XVII ғасырда өмір сүрген жырауды табыңыз.
A) Жиембет.
B) Асан қайғы.
C) Шалкиіз.
D) Махамбет.
E) Доспамбет.
4. Ш.Қанайұлының өлеңдері неше буынды екендігін табыңыз.
A) 14-15 буынды.
B) 9-10 буынды.
C) 11-12 буынды.
D) 7-8 буынды.
E) 13-14 буынды.
5. Абайдың қай қара сөзі тек афоризмдерден тұратынын анықтаңыз.
A) Он бесінші.
B) Отыз жетінші.
C) Он тоғызыншы.
D) Үшінші.
E) Бесінші.
6. А.Байтұрсынұлының өлеңін көрсетіңіз.
A) «Көк есектерге».
B) «Пайғамбар».
C) «Гималай».
D) «Сыр сандық».
E) «Орал тауы».

7. Аяқталған біртұтас ойды білдіретін өлең өлшемінің атауын белгілеңіз.
   A) Тармақ.
   B) Шумақ.
   C) Буын.
   D) Бунақ.
   E) Ұйқас.
8. М.Мақатаевтың өлеңін көрсетіңіз.
   A) «Қайта оралды тырналар».
   B) «Өмірдің өзі-ақ қызық-ақ».
   C) «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру».
   D) «Ғашықпын».
   E) «Туысқан».
9. «Арғымақтар», «Қыз қуу» өлеңдерінің авторын табыңыз.
   A) Ә.Тәжібаев.
   B) С.Мәуленов.
   C) М.Шаханов.
   D) О.Сүлейменов.
   E) Т.Молдағалиев.
10. ''Тіл-қылыш, тиімсіз жерде тый,
    Тиімді жерде жи,''- деген қанатты сөздің білдіретін мағынасын табыңыз.
    A) Тіл-тәрбие құралы.
    B) Тіл-қатынас құралы.
    C) Тіл-тарихымыз.
    D) Тіл-ғылым тілі.
    E) Тіл- өмір танытушы.
11. Абайдың заман, дәуір, оның адамдары жайлы сөзін де, әнін де өзі шығарған туындысын табыңыз.
    A) "Сегіз аяқ".
    B) "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін".
    C) "Қараңғы түнде тау қалғып".
    D) "Айттым сәлем, Қаламқас".
    E) "Көзімнің қарасы".
12. Ақан серіні әкесі неше жасында діни оқуға бергендігін анықтаңыз.
    A) 21 жаста.
    B) 13 жаста.
    C) 15 жаста.
    D) 17 жаста.
    E) 19 жаста.

13. *''Шыңшы тауға, қарашы кең далаға,*
*Мөз боласың, ұқсайсың жас балаға,*
*Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,*
*Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?''* Өлеңнің авторы кім екенін анықтаңыз.
A) И.Байзақов.
B) Қ.Аманжолов.
C) С.Мәуленов.
D) М.Мақатаев.
E) Ә.Тәжібаев.

14. "Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай".
Үзінді Жамбылдың қай айтысынан алынғанын анықтаңыз.
A) Бақтыбаймен айтысы.
B) Құлмамбетпен айтысы.
C) Досмағамбетпен айтысы.
D) Шашубаймен айтысы.
E) Сарбаспен айтысы.

15. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының І кітабында Абайдың кім ретінде қалыптасқанын белгілеңіз.
A) Азамат.
B) Ақын.
C) Ел қамқоры.
D) Азамат-ақын.
E) Өнер адамы.

16. Ғ.Мүсіреповтің қай әңгімесінде әзілдеп отырып, 1932 жылдың сұмдығы мен қулығын әшкерелегенін табыңыз.
A) «Қос шалқар».
B) «Алғашқы адым».
C) «Көк үйдегі көршілер».
D) «Талпақ танау».
E) «Адамның анасы».

17. ''Мен әрдайым бүгінгіні, шамам келгенше ертеңгіні жаздым...''Бұл кімнің сөзі екенін анықтаңыз.
A) Ғабит Мүсірепов.
B) Ғабиден Мұстафин.
C) Мұхтар Әуезов.
D) Сәбит Мұқанов.
E) Мұқағали Мақатаев.

18. *Желп-желп еткен ала ту,*
*Жиырып алар күн қайда.*
*Орама мылтық тарс ұрып,*
*Жауға аттанар күн қайда? (Махамбет)*

ұйқастың түрін анықтаңыз.

A) Шалыс ұйқас.
B) Егіс ұйқас
C) Қара өлең ұйқасы.
D) Кезекті ұйқас.
E) Ерікті ұйқас.

19. Д.Исабековтің бауырларының болашағы үшін өз басының бақытын ойламаған қазақ қызының биік адамгершілік сезімін ту еткен туындысын табыңыз.

A) «Гауһар тас».
B) «Ескерткіш».
C) «Әпке».
D) «Мұрагерлер».
E) «Дермене».

20. Шәкәрімнің анасының атын табыңыз.

A) Күңке.
B) Дәметкен.
C) Ұлжан.
D) Айғыз.
E) Сары апа.

21. ''Менің алғаш білімге көзімді ашқан осы кісі'',- дейді Мұқан Тоқтабайұлына арнаған сөзінде... Айтып отырған кім екенін анықтаңыз.

A) С.Сейфуллин.
B) М.Дулатов.
C) А.Байтұрсынов.
D) М.Әуезов.
E) Д.Исабеков.

22. С.Сейфуллиннің соңғы шығармасын табыңыз.

A) «Жемістер».
B) «Батырлар».
C) «Айша».
D) «Қызыл ат».
E) «Социалистан».

23. Раушан тағдырындағы ең басты қиындықты табыңыз

A) Демесіннің қылмысы.
B) Бәкеннің надандығы.
C) Әбіштің алаяқтығы.
D) Дәметкеннің бақытсыздығы.
E) Мәриямның қолдауы.

24. М.Әуезов он бір жасынан бастап кімнің тәрбиесінде болғанын табыңыз.
   A) Немере ағасы Қасымбектің.
   B) Әкесі Омарханның.
   C) Нағашыларының.
   D) Оқу орындарының тәрбиесі.
   E) Атасы Әуездің.
25. С. Мұқановтың «роман» деп аталатын поэмасын табыңыз.
   A) «Ботагөз».
   B) «Октябрь өткелдері».
   C) «Сұлушаш».
   D) «Ақ аю».
   E) «Өмір мектебі».

# 17-нұсқа

1. Малайсары би Сырыммен қоштасарында. Есіңе салар үш сөзім бар: «обал, сауап, борыш». Осы үш сөз есіңде болса, елің жаныңнан кетпес, елің барда басқа дұшпан басыңа теппес деген екен. Үзіндідегі шешендік сөз түрін табыңыз.
   A) Шешендік өсиет.
   B) Шешендік сын.
   C) Шешендік нақыл.
   D) Шешендік жұмбақ.
   E) Шешендік дау.
2. Шоқанның шын атын табыңыз.
   A) Жақып.
   B) Ибраһим.
   C) Мұхаммедқанафия.
   D) Сәдуақас.
   E) Ақжігіт.
3. А.Құнанбаевтың «Аттың сыны» өлеңінен байқалатын ерекшелікті табыңыз.
   A) Шебер ақындығының үстіне, білгір саятшы, сыншылығы көзге түседі.
   B) Суретшілігі анық көрінеді.
   C) Қазақ тіршілігін терең білетіні көрінеді.
   D) Шыншыл, реалистігі сезіледі.
   E) Шебер ақындығы байқалады.
4. Шәкәрімнің сөзін де, әнін де өзі шығарған туындысын табыңыз.
   A) «Бұл ән - бұрынғы әннен өзгерек».
   B) «Жастық туралы».
   C) «Кәрілік туралы».
   D) «Атадан қалған ақсауыт».
   E) «Жолама, қулар, маңайға».
5. С.Сейфуллиннің «Жұбату» әңгімесінің тақырыбын анықтаңыз.
   A) Білім.
   B) Жер,ел.
   C) Табиғат.
   D) Әйел азаттығы.
   E) Өнер.
6. «Қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе!»- деген пікірдің авторын табыңыз.
   A) М.Дулатов.
   B) М.Жұмабаев.
   C) М.Әуезов.
   D) Ғ.Мүсірепов.
   E) А.Байтұрсынов.

7. Мына сөйлемдегі салт-дәстүрге байланысты керек сөзді белгілеңіз.
...Алшынбай Ұлжан отырған үйдің есігін аштырып, тысқа семіз асау құнан тайды көлденең ұстап тұрып, қонақтардан не күткенін анықтаңыз.
A) Алғыс күтті.
B) Сый дәметті.
C) Рұқсат күтті.
D) Бата тілетті.
E) Көрімдік сұратты.
8. Қ.Мырзалиевтің өлеңін табыңыз.
A) «Туған жер».
B) «Аққулар ұйықтағанда».
C) «Қызыл кітап».
D) «Ана».
E) «Апаларым».
9. Ж.Молдағалиевтің «Мен-қазақпын» шығармасы арқылы қандай ерекшелігі байқалатынын табыңыз.
A) Лирик ақын.
B) Романтик ақын.
C) Сыншы ақыл.
D) Патриот ақын.
E) Реалист ақын.
10. ''Аппақ керік маңдайлы қылығы наз,
Малың түгіл басыңды берсең- дағы аз''- кімнің бейнесі суреттелгенін белгілеңіз. (''Қозы Көрпеш-Баян сұлу'')
A) Баян.
B) Ай.
C) Таңсық.
D) Қыз Жібек.
E) Айман.
11. Жиембет жырау Бортоғашұлының атқарған қызметін табыңыз.
A) Әнші.
B) Хан.
C) Уәзір.
D) Қолбасшы, әскер басы.
E) Данагөй.
12. Абайдың жас ұрпақты достыққа, махаббатқа үгіттеген өлеңін көрсетіңіз.
A) «Интернатта оқып жүр».
B) «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп».
C) «Сабырсыз, арсыз, еріншек».
D) «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да».
E) « Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол».

13. Ақан дүниеге келген Қоскөл қай аймақта екенін табыңыз.
A) Жетісу.
B) Көкшетау.
C) Сарыарқа.
D) Алтай.
E) Атырау.

14. А.Байтұрсыновтың 1926 жылы басылған құнды шығармасын табыңыз.
A) «Маса».
B) «Әдебиет танытқыш».
C) «23 жоқтау».
D) «Тіл-құрал».
E) «Қырық мысал».

15. "Жата алмас ем топырағында тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер",- деген жолдардың авторын табыңыз.
A) Ж.Молдағалиев.
B) Т.Айбергенов.
C) Қ.Аманжолов.
D) Т.Молдағалиев.
E) М.Шаханов.

16. 1916 жылғы көтеріліске арнап Жамбыл қандай өлең жазғанын белгілеңіз.
A) ''Алынбас қамал''.
B) ''Зілді бұйрық''.
C) ''Майданға хат''.
D) ''Өтеген батыр''.
E) ''Сұраншы батыр''.

17. *«Бұл жігіттің жасы отыз шамасында... Бұл адамның күлгендегі пішімі құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұр».* Қай кейіпкер екенін табыңыз.
A) Ақан болыс.
B) Сәлмен.
C) Оспан
D) Жақып болыс.
E) Бақтығұл.

18. Ғ.Мүсіреповтің қай әңгімесінде мал шаруашылықты аудандарды коллективтендіру және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру көрініс тапқанын анықтаңыз.
A) ''Италия сапарынан''.
B) ''Талпақ танау''.
C) ''Қос Шалқар''.
D) ''Ер ана''.
E) ''Ұлпан''.

19. «Ескерткіш» әңгімесінің авторын табыңыз.
   A) Д.Исабеков.
   B) Ш.Мұртаза.
   C) Ә.Нүрпейісов.
   D) Ә.Кекілбаев.
   E) І.Есенберлин.
20. Қожа Ахмет Йасауидің кім болғанын анықтаңыз.
   A) Зерттеуші.
   B) Суретші.
   C) Заңгер.
   D) Діни ағартушы.
   E) Сазгер.
21. Батыр әрі әнші Дәрмен тағдыры, Дәрмен-Бәтіш махаббат хикаясы Ж.Аймауытовтың қай шығармасында суреттелетінін табыңыз.
   A) «Ақбілек».
   B) «Шернияз».
   C) «Қартқожа».
   D) «Мансапқорлар».
   E) «Күнікейдің жазығы».
22. *«Раушан - ел ішіндегі күң әйелдердің арасынан шыққан көсем»* деген пікірдің иесін табыңыз.
   A) Мәриям.
   B) Демесін.
   C) Әбдіш.
   D) Ермақ
   E) Бәкен.
23. «Сұлушаш» поэмасында тереңірек суреттелген негізгі мәселені табыңыз.
   A) Өмір мәні
   B) Әлдінің озбырлығы.
   C) Тылсым табиғат ерекшелігі.
   D) Адамдардың бас бостандығының жоқтығы.
   E) Табиғат пен адамның байланысы.
24. *Балдағы <u>алтын құрыш</u> болат,*
   *Ашылып шапсам дем тартар,*
   *Сусыным қанға қанар деп.*
   Үзіндіде көркемдегіш құралдың қай түрі кездесетінін табыңыз. (Қазтуған жырау)
   A) Инверсия.
   B) Теңеу.
   C) Эпитет.
   D) Егіздеу.
   E) Метафора.

25. Шығарманың мазмұны немен сипатталатындығын анықтаңыз.
A) Сюжет, композициямен.
B) Көркем шығарманың тілімен.
C) Суретті сөзбен.
D) Тақырып, идеямен.
E) Шығарманың басталуымен.

# 18-нұсқа

1. «Кер құла атты Кендебай» ертегісіндегі кедейлер мекен еткен жерді атаңыз.
   A) Ақсу.
   B) Қаратаудың ойы, Қарасудың бойы.
   C) Ертіс өңірі.
   D) Жиделібайсын.
   E) Жерұйық.
2. Біржан салдың қай жерде туғанын табыңыз.
   A) Көкшетау.
   B) Талдықорған.
   C) Ақмола.
   D) Қостанай.
   E) Кереку.
3. Доспамбет жырау толғауындағы:
   Туған айдай нұрланып,
   Дулыға кидім, өкінбен ... - деген жолдарында қандай көркемдік тәсіл қолданылғандығын табыңыз.
   A) Теңеу.
   B) Метафора.
   C) Әсірелеу.
   D) Эпитет.
   E) Метонимия.
4. *"Еділдің бойы ен тоғай-*
   *Ел қондырсам деп едім.*
   *Жағалай жатқан сол елге*
   *Мал толтырсам деп едім"*, - деген жолдарды жазған ақынды табыңыз.
   A) Шәкәрім.
   B) Абай.
   C) Доспамбет.
   D) Махамбет.
   E) Асан қайғы.
5. Гетенің мұражайында өлеңі сақталған қазақ ақынын табыңыз.
   A) А.Құнанбаев.
   B) М.Жұмабаев.
   C) Ы.Алтынсарин.
   D) А.Байтұрсынов.
   E) Ж.Жабаев.

6. Ескендір патшаның өз жұрты аз көрініп, көршілерге көз алартуына төмендегі мінездемелердің қайсысы сәйкес келетінін көрсетіңіз.
   A) Мақтаншақ, даңғой.
   B) Даңққұмар, озбыр.
   C) Тойымсыз, дүниеқоңыз.
   D) Қара басының қамын ойлаушы.
   E) Қанішер, жауыз.
7. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романында Жамал мен Ғалиды паналатқан татар байын табыңыз.
   A) Фатихан.
   B) Фатихұл.
   C) Фатихолла.
   D) Фатибек.
   E) Фатижан.
8. «Ұят болды-ау!» өлеңінің авторын табыңыз.
   A) Қ.Мырзалиев.
   B) Ә.Сәрсенбаев.
   C) М.Мақатаев.
   D) Ф.Оңғарсынова.
   E) М.Шаханов.
9. Оралхан Бөкейдің шығармасын табыңыз.
   A) «Шыңырау».
   B) «Тортай мінген ақ боз ат».
   C) «Бір атаның балалары».
   D) «Қылау».
   E) «Жусан исі».
10. С.Сараидің назиралық үлгіде жазылған дастаны қалай аталатынын табыңыз.
   A) ''Диуани Хикмет''.
   B) ''Мұхаббат-наме''.
   C) ''Гүлстан бит-турки''.
   D) ''Хұсрау-Шырын''.
   E) ''Хибат-ул хақайық''.
11. *"Әр аралға бір қамалдым,*
   *Өмір-теңіз, таба алмадым өткелін".*
   *Бұл сөздерді "Ақан сері - Ақтоқты"* пьесасындағы қай кейіпкер айтатынын белгілеңіз.
   A) Науан.
   B) Ақан.
   C) Ақтоқты.
   D) Сердәлі.
   E) Мәрзия.

12. Сәкен Сейфуллин поэмасын белгілеңіз.
 A) "Гималай".
 B) "Қызыл ат".
 C) "Құлагер".
 D) "Кім жазықты".
 E) "Сұлушаш".
13. Өзінің соғыста өлетінін сезіп, бірақ өмір сүргісі келетінін жар сала жазып кеткен қаламгерді белгілеңіз.
 A) Б.Момышұлы.
 B) Б.Бұлқышев.
 C) Қ.Қайсенов.
 D) С.Ерубаев.
 E) Ж.Саин.
14. Жамбылдың қай жылы дүниеге келгенін белгілеңіз.
 A) 1845 ж.
 B) 1849 ж.
 C) 1846 ж.
 D) 1844 ж.
 E) 1847 ж.
15. М.Әуезовтің 1947 жылы қандай кітабы жарыққа шыққанын белгілеңіз.
 A) «Абай жолы» II кітап.
 B) «Түркістан солай туған».
 C) «Абай жолы» I, II кітап.
 D) «Дос-Бедел-дос».
 E) «Абай жолы» I кітап.
16. Ғ.Мүсіреповтің "Қозы-Көрпеш-Баян сұлу" трагедиясы қалай басталатынын белгілеңіз.
 A) Қодар, Айдар, Таңқы күйеулер қақтығысынан.
 B) Қарабай жылқысына көз аларткан Жантық арманынан.
 C) Қарабай монологінен.
 D) Қодар шабуылынан.
 E) Қозы мен Баян кездесуінен.
17. Ғ.Мұстафиннің ''Қарағанды'' романындағы орыс адамдарының атын табыңыз.
 A) Чичиков.
 B) Достоевский, Михаэлис.
 C) Щербаков, Козлов.
 D) Соломон.
 E) Иванов.

18. Мысал ұғымына сәйкес келетін жауапты белгілеңіз.
   A) Қиял-ғажайып оқиғалар жайындағы қызық әңгімелер.
   B) Кейіпкерлері аң, құс, үй жануарлары болып келетін ертегілер.
   C) Оқиғасы күлкілі болып келетін өтірік өлең.
   D) Шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын өсиеті бар, аллегориялық тәсілмен жазылған шығарма.
   E) Өмірде болған оқиғалар мысалы
19. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы қай кезеңдегі оқиғаларды суреттегендігін табыңыз.
   A) X-XII.
   B) XII-XIII.
   C) XVIII-XIX.
   D) XIV-XV.
   E) XV-XVI.
20. «Ақындарға» өлеңінің авторын табыңыз.
   A) Абай Құнанбаев.
   B) Шәкәрім Құдайбердіұлы.
   C) Міржақып Дулатов.
   D) Сәкен Сейфуллин.
   E) Ілияс Жансүгіров.
21. А.Байтұрсыновтың «Маса» кітабына енген өлеңін анықтаңыз.
   A) «Ала қойлар».
   B) «Қара бұлт».
   C) «Қайыршы мен қыдыр».
   D) «Анама хат».
   E) «Қайырымды түлкі».
22. І.Жансүгіровтің "Жорық" поэмасында не жайында айтылатынын табыңыз.
   A) Солтүстіктің табиғатын суреттеу.
   B) Солтүстіктегі ақ аюлар өмірі.
   C) Соғыс уақытындағы ерлік істер.
   D) Солтүстік Мұзды мұхитқа ерлік сапар.
   E) Аспан әлемін игеруге ұмтылыс.
23. Қырғыз халқының ұлы эпосы «Манасты» терең зерттеп, монографиялық еңбек жазған жазушыны табыңыз.
   A) С.Мұқанов.
   B) М.Әуезов.
   C) З.Қабдолов.
   D) Ә.Кекілбаев.
   E) М.Шаханов.

24. *«Сен жас жігіт боп келген сайын,*
*Жер жібек, барқыт киіп, жасыл желек*
*Бүркенеді үйеңкі, терек, қайың!»* деген үзіндінің қай өлеңнен алынғандығын табыңыз.
A) «Балқаш».
B) «Колхозды ауыл осындай».
C) «Малшының мақтанышы».
D) «Майға сәлем».
E) «Егістік».

25. Бұлбұлмын, даусы көкте дамылдаған...
Тұлпармын, топтан озған, тосырқаман... (І.Жансүгіров «Әнші»)
Үзіндідегі көркемдегіш құралды табыңыз.
A) Аллитерация.
B) Метонимия.
C) Метафора.
D) Кейіптеу.
E) Теңеу.

# 19-нұсқа

1. Мақалдардың ең негізгі ерекшелігі неде екенін анықтаңыз.
   A) Ықшамдылығында.
   B) Өткірлігінде.
   C) Аз сөзбен көп мағына беруінде.
   D) Ырғақтығында.
   E) Дәлелділігінде.
2. Ш.Уәлихановтың неге аға сұлтан болғысы келгенін белгілеңіз.
   A) Халқын әкімдер мен зорлықшыл бай қазақтардан қорғағысы келді.
   B) Ел басқарып, қызмет істегісі келді.
   C) Баюды ойлады.
   D) Туыстарының арасында өмір сүргісі келді.
   E) Денсаулығы нашарлағандықтан елде болғысы келді.
3. «23 жоқтау», «Тіл жұмсар», «Оқу құрал» еңбектерінің авторын табыңыз.
   A) М.Дулатов.
   B) Ж.Аймауытов.
   C) М.Жұмабайұлы.
   D) А.Байтұрсынұлы.
   E) Ш.Құдайбердіұлы.
4. «Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
   Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп» - деген жолдар Қ.Аманжоловтың қай шығармасынан алынғанын атаңыз.
   A) "Сырласым".
   B) "Біз кім?".
   C) "Дариға, сол қыз".
   D) "Өзім туралы".
   E) "Елге хат".
5. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының оқиғасы қанша уақытты қамтығанын табыңыз.
   A) Екі ғасырды.
   B) Бір ғасырды.
   C) Бір ғасырдан ұзақ.
   D) Жарты ғасыр.
   E) Отыз жылдың оқиғасы.
6. «Шоқпыттың шаруасы» өлеңінің авторын табыңыз.
   A) І.Жансүгіров.
   B) С.Сейфуллин.
   C) Ж.Жабаев.
   D) С.Мұқанов.
   E) Б.Майлин.

7. Сюжеттің анықтамасын белгілеңіз.
   A) Бір адамның ұзақ сөзі.
   B) Оқиғаның мезгілін, орнын көрсету.
   C) Оқиғалар арасындағы байланыс.
   D) Оқиға не оқиғалар жиынтығы.
   E) Адамның сырт бітімін суреттеу.
8. Алматы облысының Райымбек ауданында дүниеге келген ақынды табыңыз.
   A) Т.Молдағалиев.
   B) Қ.Баянбаев.
   C) М.Мақатаев.
   D) Қ.Бұғыбаева.
   E) Т.Айбергенов.
9. «Мен - қазақпын, биікпін, байтақ елмін» деп жырлаған ақынды табыңыз.
   A) Ж.Молдағалиев.
   B) Қ.Аманжолов.
   C) С.Дөнентаев.
   D) Т.Айбергенов.
   E) Қ.Мырзалиев.
10. «Оғызнаманың» ұйғыр әрпімен жазылған нұсқасы қай жердегі кітапханада сақталынғандығын анықтаңыз.
    A) Қазақстандағы.
    B) Ресейдегі.
    C) Қырғызстандағы.
    D) Париждегі.
    E) Австралиядағы.
11. Ел тұтқасын ұстау әйелдердің де қолынан келетіндігін дәлелдеген жырды белгілеңіз.
    A) «Ер Тарғын».
    B) «Айман-Шолпан».
    C) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу».
    D) «Көроғлы».
    E) «Қыз Жібек».
12. «Балаларыма өсиет» өлеңінің авторын табыңыз.
    A) Шалкиіз.
    B) Қазтуған.
    C) Ақтамберді.
    D) Шернияз.
    E) Жиембет.

13. Абай арабтың классикалық шығармасы «Мың бір түн» ертегісінен жазған поэмасын анықтаңыз.
A) «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы».
B) «Ескендір» поэмасы.
C) «Әзім әңгімесі».
D) «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа».
E) «Масғут» ертегісі.

14. *"Қазағым, таянды гой қылта мойын,*
*Жер, мал кетіп бос қалды біздің қойын".*

Бұл үзінді Мағжан Жұмабаевтың қай өлеңінен алынғанын белгілеңіз.
A) "Сорлы қазақ".
B) "Менің тілегім."
C) "Қазағым".
D) "Тез барам".
E) "Өткен күн".

15. І.Жансүгіровтің романын белгілеңіз.
A) «Азамат Азаматыч».
B) «Тар жол, тайғақ кешу».
C) «Жолдастар».
D) «Үркер».
E) «Құрдастар».

16. Жамбылдың 15-16 жасында жазған өлеңін көрсетіңіз.
A) ''Алынбас қамал''.
B) ''Замана ағымы''.
C) ''Майданға хат''.
D) ''Шағым''.
E) ''Мәңке туралы''.

17. Л. Соболевпен бірлесіп, ұлы ақын Абайдың сахналық бейнесін тұңғыш жасаған қаламгерді табыңыз.
A) М. Әуезов.
B) Ғ. Мүсірепов.
C) Ә. Әбішев.
D) С. Мұқанов.
E) Ғ. Мұстафин.

18. Мәрзия, Науан, Дәмелі қай шығарманың кейіпкерлері екенін белгілеңіз.
A) ''Амангелді''.
B) ''Қыз Жібек''.
C) ''Еңлік-Кебек''.
D) ''Ақан сері- Ақтоқты''.
E) ''Қозы Көрпеш-Баян сұлу''.

19. «Салықсалған» географиялық атауының қай шығармада кездесетіндігін анықтаңыз.

A) «Бір атаның балалары».
B) «Шыңырау».
C) «Тортай мінген ақ боз ат».
D) «Жусан исі».
E) «Қылау».

20. "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" деген тармақ кімнің өлеңінен алынғанын анықтаңыз.

A) Бұқар.
B) Абай.
C) Қазтуған.
D) Дулат.
E) Шортанбай.

21. Ақын Әсет Найманбаевтың халық ауыз әдебиетіндегі салт өлеңдері тақырыбындағы өлеңдерін анықтаңыз.

A) «Маманға», «Күшік болысқа».
B) «Гауһар қыз», «Мақпал».
C) «Қызыр төреге», «Елшібай болысқа».
D) «Аужар», «Беташар».
E) «Үш жетім қыз», «Ағаш ат».

22. Шәкәрімнің 1912 жылы Семейде басылған өлеңдер жинағын табыңыз.

A) «Қазақ айнасы».
B) «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі».
C) «Шын сырым».
D) «Жастарға».
E) «Мұсылмандық шарты».

23. «Майдан» пьесасы туралы «... колхоздастыру дәуіріндегі күрестің, таластың барлық жықпылы күнделікті сағат сайын, минут сайын соғуы, әрбір ентіккен демі анық көрсетілген» деген пікірді айтқан адамды табыңыз.

A) Ғ.Мұстафин.
B) С.Қирабаев.
C) С.Ерубаев.
D) М.Әуезов.
E) Ғ.Мүсірепов.

24. Ғ.Мұстафиннің тың тақырыптарға баратын батылдығын, жаңашылдығын баса айтқан сыншы-ғалымды көрсетіңіз.

A) М.Рыльский.
B) З.Кедрина.
C) Е.Ысмайылов.
D) С.Мұқанов.
E) С.Қирабаев.

25. *Мөлдіреген «Жетімкөл» көкке қарап,*
*Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр. (М.Мақатаев)*
Троптың түрін белгілеңіз.
A) Гипербола.
B) Метонимия.
C) Метафора.
D) Кейіптеу.
E) Ирония.

## 20-нұсқа

1. Шешендік сөздердің мазмұнына қарай нешеге бөлінетіндігін көрсетіңіз.
   A) 1.
   B) 2.
   C) 3.
   D) 4.
   E) 5.
2. Қобыланды батырдың жан серігі, тұлпарын белгілеңіз.
   A) Байшұбар
   B) Құлагер
   C) Тайбурыл
   D) Ақтабан
   E) Тарлан
3. «Би Темірге бірінші толғауының» авторын көрсетіңіз.
   A) Доспамбет жырау.
   B) Шалкиіз жырау.
   C) Шал ақын.
   D) Ақтамберді жырау.
   E) Қазтуған жырау.
4. Дулат ақынның әкесін табыңыз.
   A) Еспенбет.
   B) Жиембет.
   C) Шортанбай.
   D) Бабатай.
   E) Сағынай.
5. Абайдың өлеңін көрсетіңіз.
   A) ''Өзен''.
   B) ''Жазғытұры''.
   C) ''Өнер-білім бар жұрттар''.
   D) ''Әкеме''.
   E) ''Арғымаққа оқ тиді''.
6. Абайдың поэмасын табыңыз.
   A) "Еңлік-Кебек".
   B) "Қалқаман-Мамыр".
   C) "Кім жазықты".
   D) "Ескендір".
   E) "Медғат-Қасым".
7. М.Дулатовтың туған жерін белгілеңіз.
   A) Торғай атырабы.
   B) Қарағанды облысы.
   C) Жамбыл облысы.
   D) Алматы облысы.
   E) Ақмола жері.

8. *Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,*
*Есенинмін демедім ешкімге мен.*
*Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,*
*Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген*, - деген үзінді Мұқағалидың қай өлеңінен екенін белгілеңіз.
A) «Поэзия».
B) «Анау – аспан, мынау – бақ».
C) «Мен таулықпын».
D) «Қара өлең».
E) «Фантазия».

9. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» туындысында жалғыз шалдың неге шегара бұзып, тау асып келе жатқанын табыңыз.
A) Жаулардан қашып келеді.
B) Туған жеріне келеді.
C) Түрмеден қашып келеді.
D) Мал ұрлау үшін келеді.
E) Адасып келеді.

10. Ж.Баласағұн кітабының атын табыңыз.
A) «Құдатғу біліг».
B) «Диуани хикмат».
C) «Хибатул-хақайық».
D) «Диуани лұғат ат-түрік».
E) «Оғыз-наме».

11. Ақан сері өлеңге қосқан құс атын табыңыз.
A) Қараторғай.
B) Қызылбалық.
C) Қарлығаш.
D) Көкжендет.
E) Базаралы.

12. С.Сейфуллиннің тән, дене сұлулығын, әсемдігін суреттейтін өлеңін көрсетіңіз.
A) "Бұлшық ет".
B) "Жас қазақ".
C) "Біздің жақта".
D) "Кімде-кімнің тасқын судай қайраты".
E) "Біздің ұлан".

13. ''Ақын өлімі туралы аңыз'' кімге арналған, дұрысын табыңыз.
A) Т.Бигелдинов.
B) Т.Әубәкіров.
C) А.Иманов.
D) А.Жұмағалиев.
E) Б.Момышұлы.

14. Жамбыл Құлмамбет ақынмен қай жылы айтысып, жеңіске жеткенін табыңыз.
    A) 1887 ж.
    B) 1890 ж.
    C) 1881 ж.
    D) 1884 ж.
    E) 1885 ж.
15. Бақтығұл мен Тектіғұл Әуезовтің қай шығармасының кейіпкерлері екенін анықтаңыз.
    A) ''Қараш-қараш оқиғасы''.
    B) ''Қорғансыздың күні''.
    C) ''Қарагөз''.
    D) ''Еңлік-Кебек''.
    E) ''Көксерек''.
16. Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романына тән (лайықты) қатарды көрсетіңіз.
    A) Үздік әскери роман.
    B) Тұңғыш әскери роман.
    C) Тарихи роман.
    D) Психологиялық роман.
    E) Әлеуметтік роман.
17. Мейрам, Ардақ, Жанәбіл - Ғ. Мұстафиннің қай шығармасының кейіпкерлері екенін белгілеңіз.
    A) "Дауылдан кейін".
    B) "Қарағанды".
    C) "Көз көрген".
    D) "Шығанақ".
    E) "Миллионер".
18. Шығарманың экспозициясы дегеніміз не екенін табыңыз.
    A) Шығарманың дамуы.
    B) Шығарманың баяндалуы.
    C) Шығарманың шарықтау шегі.
    D) Шығарманың кіріспесі.
    E) Шығарманың шешуі.
19. Әбіш Кекілбаевтың шығармасын анықтаңыз.
    A) «Шыңырау»
    B) «Қазақ солдаты».
    C) «Ақ Жайық».
    D) «Шығанақ».
    E) «Ақан сері».

20. Шәкәрім ақынның мына өлең жолдары қай шығармасынан алынғанын белгілеңіз.

*«Жігіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім*
*Емес қой жастықпенен салған әнім.*
*Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?*
*Аларсың, көп ғибрат, байқағаның».*

A) «Еңлік-Кебек» поэмасы.
B) «Бостандық таңы атты».
C) «Мұтылғанның өмірі».
D) «Ләйлі-Мәжнүн».
E) «Қалқаман-Мамыр» поэмасы.

21. Ж. Аймауытовтың 20-жылдардағы пьесалар бәйгесінде бірінші орын алған шығармасын табыңыз.

A) “Шәрбану-Қанапия”.
B) “Мансапқорлар”.
C) “Шернияз”.
D) “Рабиға”.
E) “Ел қорғаны”.

22. *"Мен Ілиясты бұрын да білуші едім. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным "Жетісу суреттері" өлеңін оқығаннан кейін"*,- деген пікірдің авторын белгілеңіз.

A) С.Сейфуллин.
B) М.Жұмабаев.
C) М.Әуезов.
D) С.Мұқанов.
E) Ғ.Мүсірепов.

23. “Абай жолы” романындағы асы берілген адамның атын табыңыз.

A) Бөжей.
B) Байдалы.
C) Қодар.
D) Дәркембай.
E) Қаратай.

24. *Еңбекшілер, ендігі күн сенікі,*
*Жасайды кедей, гүлденсін кедей, жасасын!* – деген үзінді С. Мұқановтың қай өлеңінен алынған, белгілеңіз.

A) «Майға сәлем!».
B) «Конвеер».
C) «Қазақстан».
D) «Кедей баласы».
E) «Жолы жоқтар біздің жолға қосылсын».

25. Алмастыруды /метонимия/ табыңыз.
   A) Сұр бұлт.
   B) Таймас батыр ұйықтап жатыр.
   C) Ауыл қалың ұйқыда.
   D) Мен-арыстан.
   E) Желсең аттай.

# 21-нұсқа

1. Әдеби ертегінің кейіпкерін табыңыз.
   A) Әз Жәнібек
   B) Ақбай
   C) Толағай
   D) Алпамыс
   E) Құлатай батыр
2. Салт айтысының нешеге бөлінетіндігін көрсетіңіз.
   A) 1.
   B) 2.
   C) 3.
   D) 4.
   E) 5.
3. XVII ғасырда Есім ханның тұсында өмір сүрген әрі әскербасы, әрі ақын болған жырауды көрсетіңіз.
   A) Бұқар жырау.
   B) Қазтуған жырау.
   C) Жиембет жырау.
   D) Шалкиіз жырау.
   E) Доспамбет жырау.
4. Ы.Алтынсариннің қазақ қауымына озық мәдениетті елдердің үлгі-өнегесін көрсету идеясын ұстанған туындысын белгілеңіз.
   A) «Өнер-білім бар жұрттар».
   B) «Өзен».
   C) «Азған елдің хандары».
   D) «Залым төреге».
   E) «Кел, балалар, оқылық!».
5. Ақан сері өмірінің трагедиялық сипатын суреттеген поэма жазған қаламгерді табыңыз.
   A) С.Жүнісов.
   B) Т.Әлімқұлов.
   C) І.Жансүгіров.
   D) Ғ.Мүсірепов.
   E) С.Мұқанов.
6. А.Байтұрсынұлының «Тәні саудың – жаны сау» мақаласында көтерілген мәселені белгілеңіз.
   A) Халықаралық жағдай.
   B) Заң, жер.
   C) Адам тәрбиелеудің тәсілдері.
   D) Өлең құрылысы.
   E) Табиғат, экология.

7. Қазақ мәдениетінде театр өнері тұңғыш қай жерде пайда болғанын табыңыз.
   A) Семей қаласында.
   B) Ералы жазығындағы Ойқұдық жайлауында
   C) Орынборда.
   D) Шыңғыстаудағы Жидебайда.
   E) Қазақтың тұңғыш театрында.
8. Ана мен жылқышының диалогі М.Мақатаевтың қай шығармасында кездесетіндігін анықтаңыз.
   A) «Аққулар ұйықтағанда».
   B) «Жан азасы».
   C) «Райымбек, Райымбек».
   D) «Ару ана».
   E) «Моцарт».
9. "Аласапыран" романының авторын табыңыз.
   A) Есенберлин.
   B) Жұмаділов.
   C) Мағауин.
   D) Бөкеев.
   E) Найманбаев.
10. ''Мұхаббат-наме'' дастанының авторы кім екенін табыңыз.
   A) А.Иүгінеки.
   B) Хорезми.
   C) Құтб.
   D) Сағди.
   E) А.Иассауи.
11. Абай қай медреседе оқығанын анықтаңыз.
   A) Медресе Ғалия.
   B) Мамания мектебі.
   C) Ахмет-Риза медресесі.
   D) Уәзифа медресесі.
   E) Медресе Расулия.
12. *"Тарбиған Тарбағатай - жердің құты,*
   *Барлық-ол "қыдыр түнеп көшкен жұрты".*
   Үзінді І.Жансүгіровтің қай өлеңінен алынғанын белгілеңіз.
   A) "Жазғы шілде".
   B) "Мезгіл суреттері".
   C) "Жаңа дала".
   D) "Тау суреті".
   E) "Бүгінгі дала".

13. Баубек Бұлқышевтың «Өмір сүргім келеді» әңгіме-хатындағы Баубектің сүйген қызының есімін атаңыз.
A) Орыс қызы - Рая.
B) Беларус қызы - Саша.
C) Шығыс қызы - Жанна.
D) Украйн қызы - Анна.
E) Татар қызы - Руфа.
14. Т.Шевченкоға жыр арнаған қазақ ақынын белгілеңіз.
A) К.Әзірбаев.
B) Ж.Жабаев.
C) И.Байзақов.
D) С.Мұқанов.
E) Қ.Жапсарбаев.
15. М. Әуезовтің ең алғаш жарық көрген туындысын белгілеңіз.
A) "Көксерек."
B) "Қорғансыздың күні".
C) "Ескілік көлеңкесінде".
D) "Адамдық негізі - әйел".
E) "Қараш-қараш оқиғасы".
16. ''Абай жолы'' эпопеясының "Жұт" деген тарауында Абай қай қырынан көрінгенін белгілеңіз.
A) Шабыт үстінде.
B) Заманмен тілдесуі.
C) Халық қамқоры.
D) Сүйсінуі.
E) Қайғылы күйге түсуі.
17. С.Мұқановтың 1928 ж. жазылған ''Сұлушаш'' поэмасы қандай шығарма екенін белгілеңіз.
A) Лирикалық поэма.
B) Реалистік емес поэма.
C) Драмалық оқиғаға құрылған поэма.
D) Сюжетсіз поэма.
E) Романтикалық поэма.
18. Литота дегеніміздің не екенін анықтаңыз.
A) Бір құбылысты, екінші құбылысқа балау.
B) Құбылысты тым құлдырата айту.
C) Құбылысты ерекше құбылтып айту.
D) Алмастырып қолданылған сөздер.
E) Сөз тастап кету.

19. Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат» драмалық шығармасында Әрифа кімнің анасы екенін атаңыз.
A) Нұрбеделдің.
B) Әзизаның.
C) Иманның.
D) Уәкілдің.
E) Түйметайдың.
20. Абайдың "Мінез-ақыл мен ғылымды сақтайтын сауыт" деген афоризмі қай қара сөзінен алынғанын анықтаңыз.
A) Төртінші.
B) Он бесінші.
C) Отыз екінші.
D) Тоғызыншы.
E) Он екінші.
21. Жігіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім:
Емес қой жастықпенен салған әнім,
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы ?
Аларсың, көп ғибрат, байқағаның..,- деген үзінді Шәкәрімнің қай шығармасынан табыңыз.
A) «Қалқаман – Мамыр».
B) «Жастарға».
C) «Ақындарға».
D) «Еңлік – Кебек».
E) «Бұл және бұрынғы әннен өзгерек».
22. М.Дулатовтың өлеңін табыңыз.
A) ''Таршылық халіміз хақында аз мінәжат''.
B) ''Жұртыма''.
C) ''Қазақ айнасы''.
D) ''Астанам''.
E) ''Үш бақытым''.
23. Б.Майлин дәріс алған татар мұғалімнің есімін анықтаңыз.
A) Әбдірахман Думанұлы.
B) Әбдірахман Арғынбаев.
C) Әбдірахман Сатыбалдин.
D) Әбдірахман Дербісалыұлы.
E) Әбдірахман Абайұлы.
24. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жыры мен Ғ.Мүсіреповтің осы аттас трагедиясының айырмашылығы бар - жоғын табыңыз.
A) Айырмашылық жоқ.
B) Көп айырмашылық бар.
C) Тарихи оқиға басым суреттелген.
D) Мүлде басқа шығарма.
E) Аз ғана айырмашылық бар.

25. *«Қыранымын сары сайран даланың,*
*Қос қанатым-алтын Алтай, Оралым».*
М.Жұмабаев өлеңінен алынған үзіндіде қандай бейнелеуіш құрал бар екенін табыңыз.
A) Метонимия.
B) Кейіптеу.
C) Метафора.
D) Қайталау.
E) Теңеу.

## 22-нұсқа

1. Ертегідегі ''Шалқұйрық'' атты тұлпар қай кейіпкердің сенімді серігі ретінде суреттелгенін белгілеңіз.
   A) Құламерген.
   B) Дүмше молда.
   C) Аяз би.
   D) Ер Төстік.
   E) Аламан мен Жоламан.
2. ''Ер Тарғын'' жырындағы дана, батагөй қарияның атын табыңыз.
   A) Ханзада.
   B) Сыпыра жырау.
   C) Бұлалай.
   D) Қартқожақ.
   E) Ақшахан.
3. Асан қайғының толғауын табыңыз.
   A) «Тілек».
   B) «Көлде жүрген қоңыр қаз» .
   C) «Би Темірге бірінші толғау».
   D) «Күлдір-күлдір кісінетіп».
   E) «Айналайын Ақ Жайық».
4. Шоқан жазып алған жырды табыңыз.
   A) ''Манас''.
   B) ''Алпамыс''.
   C) ''Қобыланды''.
   D) ''Қарадөң''.
   E) ''Телағыс''.
5. Ақан серінің шын атын табыңыз.
   A) Ержігіт.
   B) Еркебала.
   C) Ақжігіт.
   D) Ақтөре.
   E) Төре.

6. Шәкәрімнің ағартушылық нысанасын жария еткен әйгілі өлеңін табыңыз.

A) «Шын сырым»

B) «Жастарға»

C) «Қулар»

D) «Бостандық таңы атты»

E) «Талап пен ақыл»

7. «Қараш-Қараш оқиғасы» атты туындының авторын табыңыз.

A) С.Мұқанов.

B) М.Әуезов.

C) Ғ.Мүсірепов.

D) Б.Майлин.

E) Ғ.Мұстафин

8. Қай романын жазуда Ғ.Мұстафин өзі таңдаған тақырыптың мәнін игеру үшін шахтада жұмыс істеп, жер қазғанын белгілеңіз.

A) ''Миллионер''.

B) ''Шығанақ''.

C) ''Қарағанды''.

D) ''Көз көрген''.

E) ''Дауылдан кейін''.

9. М. Мақатаевтың поэмасын табыңыз.

A) «Аққудың айрылуы».

B) «Құлагер».

C) «Көкшетау».

D) «Аққулар ұйықтағанда».

E) «Адасқан өмір».

10. Жырдағы Оғыздың анасының атын белгілеңіз.

A) Айқаған.

B) Күнқаған.

C) Айғаным.

D) Ырысты.

E) Күнғаным.

11. Абайдың өлеңін табыңыз.

A) «Қымыз».

B) «Көлеңке басын ұзартып».

C) «Ендігі бет алыс».

D) «Замандастарыма».

E) «Шәкірт ойы».

12. С.Сейфуллиннің өр, қайсар, әділ болып өсуіне әсер еткен жағдайды табыңыз.
A) Анасы Жамалдың ертегілері.
B) Кісі есігінде жүруі.
C) Сөзге шешен, домбырашы, саятшы Сейфолланың әсері.
D) Орыс мектебінің тағылымы.
E) Ауыл молдасының тәрбиесі.
13. ''Ақын өлімі туралы аңыздағы'' бас кейіпкердің сүйікті әнін табыңыз.(Қ.Аманжолов)
A) ''Қарғам-ау''.
B) ''Елім-ай ''.
C) ''Бір бала''.
D) ''Қарағым-ай''.
E) ''Қарағым-ау''.
14. Жамбылдың қай ақынмен айтысқанын табыңыз.
A) Омарқұл.
B) Арыстанбай.
C) Құлмамбет.
D) Сара.
E) Біржан.
15. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Абай мына жолдарды қай ақынға айтқанын табыңыз.
*«Менің әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалгыз-ақ сіздің есіңізде қалганы, әлгі бір «Шұбарым, аргымагым, кер маралым, өз заңынша болкендік жандаралым!» - деген өлеңді жақтырмай, сынап сөйлеген сөзі болмаса.»*
A) Барлас.
B) Біржан.
C) Қадырбай.
D) Қуандық.
E) Шөже.
16. "Қазақ солдаты" романының композициялық түрін көрсетіңіз.
A) Параллельді, жарыспалы композиция.
B) Айналмалы композиция.
C) Тура дамитын, бірақ айналмалы композиция элементімен көмкерілген.
D) Сатылы композициялық роман.
E) Жарыспалы композиция.

17. Эпитеттерді көрсетіңіз.

*Желсіз түнде жарық ай*
*Сәулесі суда дірілдеп,*
*Ауылдың жаны терең сай*
*Тасыған өзен гүрілдеп.*

A) Өзен гүрілдеп.
B) Жарық ай, терең сай.
C) Сәулесі суда.
D) Суда дірілдеп.
E) Ауылдың жаны.

18. Н.Байғаниннің "Ер туралы жыр" поэмасының кейіпкерін көрсетіңіз.
A) Нүркен.
B) Абдолла.
C) Нарсұтбай.
D) Төлеген.
E) Сұлтан.

19. Драматург Дулат Исабековтің пьесасын анықтаңыз.
A) «Шернияз».
B) «Әпке».
C) «Майдан».
D) «Сталинге хат»
E) «Еңлік-Кебек».

20. *"Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме?"* Абайдың нешінші қара сөзінен алынғанын анықтаңыз.
A) Он бірінші.
B) Отыз екінші.
C) Он екінші.
D) Бірінші.
E) Бесінші.

21. «Оқыған» деген атпен берілетін толғау сөздерінің Ж.Аймауытовтың қай шығармасында кездесетіндігін табыңыз.
A) «Ел қорғаны».
B) «Қанапия-Шарбану».
C) «Рабиға».
D) «Шернияз».
E) «Мансапқорлар».

22. *"Жүрегім, мен зарлымын жаралыға.*
*Сұм өмір абақты гой саналыға".*
Бұл үзінді Мағжанның қай шығармасынан?
A) "Мен кім".
B) "Батыр Баян".
C) "Жан сөзі".
D) "Батқан күн, атқан таңның жыры".
E) "Толқын".

23. Бес тараудан тұратын, шығарманың басынан аяғына дейін біртұтас тартылған оқиға жүйесі жоқ І.Жансүгіров шығармасын белгілеңіз.
A) «Құлагер».
B) «Күйші».
C) «Дала».
D) «Күй».
E) «Гималай».

24. «Ботагөз» романының ақырында Ботагөздің атқан таңды қарсы алған жерін табыңыз.
A) Бурабай көлінің ортасындағы діңгек таста.
B) Сексенкөлдің ортасындағы діңгек таста.
C) Шалқар көлінің ортасындағы діңгек таста.
D) Шортанды көлінің ортасындағы діңгек таста.
E) Қалың орман ортасында.

25. Т.Айбергеновтің қанша жыл ғұмыр кешкенін белгілеңіз.
A) 33 жас.
B) 35 жас.
C) 30 жас.
D) 25 жас.
E) 40 жас.

# 23-нұсқа

1. Қазақ аңыздарындағы кейіпкерді көрсетіңіз.
   A) Ерназар.
   B) Ер Тарғын.
   C) Қорқыт.
   D) Шойынқұлақ.
   E) Ер Төстік.
2. Ақындар айтысының даярлығы болып табылатын салт айтысын көрсетіңіз.
   A) Жұмбақ айтысы.
   B) Қыз бен жігіт айтысы.
   C) Өлі мен тірінің айтысы.
   D) Жануарлар мен адамдар айтысы.
   E) Бәдік айтысы.
3. Өзін «сөйлесе қызыл тілдің шешені», «буыршынның бұта шайқар азуы» деп таныстырған жырауды табыңыз.
   A) Қазтуған.
   B) Ақтамберді.
   C) Үмбетей.
   D) Доспамбет.
   E) Шалкиіз.
4. Спандияр Көбеевтің романын табыңыз.
   A) «Жолдастар».
   B) «Кім жазықты».
   C) «Қыз көрелік».
   D) «Қалың мал».
   E) «Қамар сұлу».
5. Ақжігіт деген есімнің кімге қойылғанын табыңыз.
   A) Ақан сері.
   B) Үкілі Ыбырай.
   C) Жаяу Мұса.
   D) С.Сейфуллин.
   E) Балуан Шолақ.
6. Уфа қаласында 1909 жылы Міржақып Дулатовтың қай шығармасы жарық көргенін белгілеңіз.
   A) «Бақытсыз Жамал».
   B) «Терме».
   C) «Қазақ халқына діни бір уағыз».
   D) «Оян, қазақ!».
   E) «Азамат».

7. Қасым Аманжоловтың туған елдің өсу жолын, жаңаруын шабытпен жырлаған өлеңін белгілеңіз.
   A) «Жиырма бес».
   B) «Балдақты жігіт».
   C) «Дариға».
   D) «Өзім туралы».
   E) «Нұрлы дүние».
8. Ғ.Мұстафин өнеріне сай жауапты белгілеңіз.
   A) Ақын.
   B) Лирик ақын.
   C) Жазушы.
   D) Ғалым.
   E) Сыншы.
9. М.Мақатаевтың 1973 жылы «Жалын альманахында» жарияланған шығармасын табыңыз.
   A) «Райымбек, Райымбек».
   B) «Моцарт».
   C) «Аққулар ұйықтағанда».
   D) «Поэзия».
   E) «Жан азасы».
10. ''Күлтегін'', ''Тоныкөк'' дастандары қай ғасырдың туындысы екенін анықтаңыз.
   A) XI-XIII ғ.ғ.
   B) IX-XII ғ.ғ.
   C) VI-VIII ғ.ғ.
   D) IV-V ғ.ғ.
   E) III-IV ғ.ғ.
11. Абай оқыған философтарды табыңыз.
   A) Демокрит, Гераклит.
   B) Ницше, Хайдеггер.
   C) Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер.
   D) Әл-Фараби, Геродот.
   E) Конфуций, Парменид.
12. *<u>Қанды көз</u> қайқаң етіп шықса аспанга.* (Абай)
   Осындағы асты сызылған сөз троптың қай түрі екенін табыңыз.
   A) Кейіптеу.
   B) Эпитет.
   C) Метафора.
   D) Метонимия.
   E) Теңеу.

13. *''Жұрт біздің Екей руын мазақтап, ''Екейде елу бақсы, сексен ақын'' деген ат аз ба? Сексен бірінші боп қайтесің? ''*- деген сөздерді Жамбылға кім айтқанын белгілеңіз.
   A) Әкесі.
   B) Сүйінбай.
   C) Анасы.
   D) Құдияр.
   E) Ауыл ақсақалдары.
14. М.Әуезов қазақ ертегілерін неше топқа бөлгенін анықтаңыз.
   A) Екі.
   B) Үш.
   C) Төрт.
   D) Бес.
   E) Алты.
15. М.Әуезовтің "Абай жолы" романында Абайдың беделін биіктеткен ас беру рәсімі кімдікі екенін белгілеңіз.
   A) Құнанбай.
   B) Бөжей.
   C) Кәмшат.
   D) Зере.
   E) Қодар.
16. ''Ботагөз'' романының ''Тұңғиықта'' тарауында не туралы айтылатынын белгілеңіз.
   A) 1905 ж. оқиға
   B) XX ғ. басындағы қазақ қауымы суреттелінеді.
   C) Кеңес дәуірі.
   D) Қазан төңкерісі.
   E) Кеңес кезеңінен кейінгі дәуір.
17. Төмендегі мысалдан метафораны табыңыз.
   A) Піскен алма секілді тәтті қызды.
   B) Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл.
   C) Дәулет – қызық, бала – бал.
   D) Жер күлімдер өзіне беріп шырай.
   E) Асау жүрек аяғын шалыс басқан.
18. Лирикалық жанрдың ерекшелігін көрсетіңіз.
   A) Адамдар арасындағы қарым-қатынастар біртіндеп өрілетін, жазушы бақылағанын тек өрнектеп беруші ғана болатын түр.
   B) Эпикалық та, лирикалық та түр қатынасқан жанр.
   C) Кейіпкерлері түрлі аң-құс болып келетін шығарма.
   D) Өмір құбылысын автор өзінің түсінуіне қарай өріп, күйініш, сүйінішін өрнектейтін көлемі шағын өлең.
   E) Кейіпкерлерді сөйлестіретін, адамды тікелей қимыл-әрекет үстінде көрсететін жанр.

19. І.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясының жекелеген аттарын көрсетіңіз.
A) "Алтын Орда", "Елім-ай", "Жаушы".
B) "Аласапыран", "Үркер", "Ақ Жайық".
C) "Алмас қылыш", "Жанталас", "Қаһар".
D) "Жан пида", "Отырардан жеткен сый", "Аққан жұлдыз".
E) "Қызыл жебе", "Жаушы", "Қан мен тер".
20. А.Байтұрсыновтың өлеңдеріндегі басты сарынды көрсетіңіз.
A) Табиғат құбылысы.
B) Бостандық арманы.
C) Өркениет.
D) Сөз өнері.
E) Білім жайы.
21. ... *Ата-анадан, туысқаннан, туған жерден кім безейін деп ойлайды? Еркін қызық өмірді, жан тыныштықты кім жақсы көрмейді?* – деген Ж.Аймауытовтың қай кейіпкерінің сөзі екенін анықтаңыз.
A) Қартқожа.
B) Ақбілек.
